

Геометрия 7-сыныпқа арналған қысқа мерзім жоспары
Аптасына 2 сағат, барлығы 68 сағат

Тақырыбы: Сабақ	Геометрияның негізгі ұғымдары..	
Күні,айы:	Мұғалімнің аты-жөні:	
7 сыып	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	<p>7.1.1.1 планиметрияның негізгі фигураларын білу: нүкте, түзу; 7.1.1.5 кесінді, сәуле, бұрыш, үшбұрыш, жарты жазықтық анықтамаларын білу; 7.1.1.2 нүктелер мен түзулердің тиістілік аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.3 аксиоманың теоремадан айырмашылығын түсіну: теореманың шарты мен қорытындысын ажырату; 7.1.2.1 нүктелердің түзу мен жазықтықта орналасу аксиомаларын білу және қолдану (реттік аксиомасы); 7.1.1.6 кесінділер мен бұрыштарды өлшеу аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.8 кесінділер мен бұрыштарды салу аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.11 берілген үшбұрышқа тең үшбұрыштың бар болуы аксиомасын білу; 7.1.2.2 түзулердің параллельдік аксиомасын білу;;</p>	
Сабақ мақсаты	<p>Барлық оқушылар: Геометрияның негізгі ұғымдарымен танысады, ойын жеткізе отырып, негізгі ұғымдарды түсіне тырып фигуралар туралы түсіктерді ұғынады</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі: Тақырыптың мазмұнын талдайды, пікірлерін дәлелдейді, тапсырмаларды орындайды. Қатынас туралы біледі, есептер шығаруда қатесіз пайдаланады біледі ;</p> <p>Кейбір оқушылар: Геометриялық негізгі ұғымдарға анықтама береді, өмірден , қоршаған ортадан геометриялық фигураларды таба біледі. Геометриялық ұғымдар мен терминдер арқылы жауап береді, яғни математикалық сауатты болады.</p>	
Бағалау критерийлері	<p><i>Оқушылар:</i> -Геометрия туралы түсіктерін жетілдіреді бағалайды; Планиметрия курсының ең негізгі элементтерін ажыратады</p>	

	;
Тілдік мақсаттар	<p>Пәндік лексика және терминология:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жерді өлшеу сызу ; - сәуле, кесіндіді; <p>Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Геометрия ұғымдары дүниеде кездесетін заттардың дербес физикалық қасиеттерін еске алмай, абстракциялап (яғни, дерексіздендіріп), олардың тек мөлшері мен өзара орналасуын ғана қарастыру нәтижесінде пайда болған. - есептеуді тиімді тәсілмен орындау;
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> -Өмір бойы білім алуға бейімделеді; -Дұрыс шешім қабылдау үшін, қоғамдық өмірге қатысу үшін шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыру;
Пәнаралық байланыстар	<i>Өмірде қолдану</i>
АКТ қолдану дағдылары	Интербелсенді тақтаны қолдану, http://www.transum.org/Software/SW/Starter_of_the_day/
Бастапқы білім	Сызу өмірімен қатысты

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы(2-5 минут)	<p>Ұйымдастыру кезеңі:</p> <p>Кім жылдам</p> <p>Интерактивті тақтаға «Қайталау–оқу айнасы» әр түрлі деңгейдегі сұрақтар беріледі,</p> <p>Интерактивті тақтадағы сұрақтар арқылы оқушылардың кезекпен жауап беруі сұралады.</p> <p>Үй тапсырмасын тексеру:</p> <p>Бір бірімен дәптер алмасу арқылы</p>	
Сабақтың ортасы (6-40 минут)	<p>Геометрия грек тілінен аударғанда «жер өлшеу» деген мағынаны білдіреді. Геометрия екі бөлімнен тұрады. Планиметрия және стереометрия. Планиметрия жазықтықтағы фигураларды Геометрия (гр. geometria, ge — Жер және metrio — өлшеймін) — математиканың кеңістіктік пішіндер (формалар) мен қатынастарды, сондай-ақ, оларға ұқсас басқа да пішіндер мен қатынастарды зерттейтін саласы. Фигуралар кеңістіктік пішіндер болып есептеледі. Геометрия тұрғысынан сызық — “сым” емес, шар — “домалақ дене” емес, олардың барлығы да — кеңістіктік пішіндер. Ал кеңістіктік қатынастар — фигуралардың мөлш. мен орналасуын анықтайды. Мысалы, центрлері ортақ, радиустары 3 см және 5 см шеңберлер қиылыспайды, “біріншісі екіншісінің ішінде жатады” дегенде — шеңберлердің мөлш. мен орналасуы жөнінде айтылып тұр. Мұнда бірінші шеңбер — кішісі, екіншісі — үлкені, біріншісі екіншісінің ішінде орналасқан. Осыған орай кеңістіктік қатынастар “үлкен”,</p>	<p>Оқулық .3:</p> <p>Қосымша тапсырма: 1 .2.</p>

“кіші”, “ішінде”, “сыртында” сөздері арқылы анықталған. “Тең”, “параллель”, тағыда басқа сөздер де кеңістіктік қатынастарды сипаттайды.[1]

“Геометрия” атауы дәл аударғанда “жер өлшеу” болады. Бұл ғылымның алғашқы нұсқалары Ежелгі Мысыр (Египет) елінде шыққан. “Жер учаскелерін өлшеу нәтижесінде — деп жазған біздің заманымыздан бұрын 4 ғасырда өмір сүрген грек математигі Евдем, — мысырлықтар Геометрия ғылымын шығарды”. Жер өлшеу өнерін мысырлықтардан үйренген ежелгі гректер оны алғашқы кезде өз тілінде “Геометрия” деп атаған. Осы сөз кейін көптеген халықтардың тіліне еніп, ғыл. термин болып кеткен. Геометрия заңдылықтарын жер учаскелерін өлшеуде қолдануға әбден болады, бірақ Геометрияның негізгі арнасы ол емес. Геометрияда қолданылатын мәселелер сан алуан. Сондықтан Геометрия ерте заманның өзінде-ақ кеңістіктік пішіндер мен қатынастар жөніндегі ғылым ретінде қалыптасқан. Жер өлшеу ғылымын, соңғы мағынадағы Геометриядан айырып айту үшін, Аристотель геодезия деп атаған. Геометрияны тек жер өлшеу жұмыстары ғана тудырған жоқ. Бұл бағытта ғылыми-практикалық деректердің молайып, қорлануына үй, көпір, пирамида, әскери бекіністер, тағыда басқа құрылыстар салу, арналар қазу, ыдыстардың сыйымдылығын өлшеу, құрылыстарға қажетті материалдардың шамасын алдын ала есептеу елеулі әсер етті. Геометрия ұғымдары дүниеде кездесетін заттардың дербес физикалық қасиеттерін еске алмай, абстракциялап (яғни, дерексіздендіріп), олардың тек мөлшері мен өзара орналасуын ғана қарастыру нәтижесінде пайда болған. Қалыпқа салынып соғылған кірпіштердің, құрылысқа арналып шабылған қырлы тастардың, шеберлердің кесіп, сүргілеп тегістеген бұйымдарының сыртқы тұрпаты — пішіні бірдей болады. Мұндай пішін төрт бұрышты призма деп аталады. Үш бұрышты, бес бұрышты, тағыда басқа призмалар болады. Геометрияда призманың қандай материалдан жасалғандығы есепке алынбайды, оның тек мөлшері мен орналасуы ғана зерттеледі. Цилиндр, конус, шар, Геометрия ұғымдар да осылай қалыптасқан. Сонымен геометриялық денелер — темп-расы, массасы, жасалған материалы мен жеке қасиеттері қарастырылмайтын физикалық денелер денелер., ал стереометрия кеңістіктегі геометриялық фигураларды қарастырады. Планиметрия курсының ең негізгі элементтері болып нүкте мен түзу, кесінді болып табылады.

Ан-ма: Нүкте координатасымен анықталады және оның ұзындығы болмайды,
яғни 0-ге тең.

Ан-ма 2: Түзу -2 екі жағынан да шектелмеген нүктелер жиыны. Ұзындығы – шексіз.

Геометрияда келесі белгілеулер қолданылады: /тақтада көрсету/

1. Тиісті, тиісті емес
2. Бірігу
3. Қиылысу /Оқулықтан жазады/

1-слайд Геометрияның негізгі ұғымдары

2-слайд

- ▶ **Геометрия**-заттардың формасын, өлшемін және де өзара ара-қатынастарын зерттейтін ғылым саласы.




3-слайд

- ▶ Геометрия ғылымы ғасырлар бойы жаңа теоремалар мен формулалар ашылуы арқылы дамып, толықтырылып отырған. Ғылымның дамуында ерекше рөл атқарған ғалымдар:



Фалес



Пифагор



Евклид

4-слайд

Геометрияның қолданысы

- ▶ Өмірге байланысы бар есептер;
- ▶ Қоршаған ортаны тану;
- ▶ Логикалық ойлау қабілетін дамыту
- ▶ Көптеген маңызды мамандықтардың негізі (Архитектор, құрылыс инженері, скульптор т.б.)



5-слайд

Геометрияның салалары



6-слайд**Планиметрия**

- ▶ *Планиметрияда* бір жазықтық бойында жататын, көлемсіз геометриялық фигуралар зерттеледі. Оларға: нүкте, кесінді, сәуле, үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер және т.б фигуралар жатады.



Шеңбер



Төртбұрыш



Сызық

7-слайд**Стереометрия**

- Стереометрияда* белгілі бір көлемі бар геометриялық фигуралар зерттеледі. Оларға: Пирамида, конус, шар, цилиндр және т. б. Фигуралар жатады.



Пирамида



Шар



Цилиндр

8-слайд**Анықтама**

- ▶ Жаңа ұғымдардың мағынасын бұрыннан белгілі ұғымдар арқылы түсіндіретін сөйлемді *анықтама* деп атаймыз.
- ▶ Төртбұрышты анықтау үшін *нүкте, кесінді* секілді бұрыннан белгілі ұғымдарды пайдаланамыз. Себебі төртбұрыш нүкте мен кесінділерден құралады.

Деңгейлік тапсырмалар:**I деңгей тапсырмалары**

1. Геометрия дегеніміз не?
2. Геометрия ғылымының дамуына үлес қосқан ерте заман ғалымдарын ата.
3. Геометрия неше салаға бөлінеді және оларды ата?
4. Шар, кесінді, конус, цилиндр, сызық. Осы фигураларды геометрияның қай саласы зерттейтінін ата.

II деңгей тапсырмалары

5. Кез келген екі нүктені белгіле.
6. Екі нүкте арқылы түзу сыз;
7. Екі нүктенің ара қашықтығын өлшеп дәптерге жаз.

III деңгей тапсырмалары

8. Екі нүкте арқылы неше түзу жүргізуге болады?

Өзара бағалау (дескриптор бойынша)

Бағалау СГ 3. Есептердің шығару нәтижелерін көрсету

Оқытудың мақсаты бойынша.

Бағалау критеріі

Дескриптор

	Кез келген есептерді шығару тәсілдерін мен анықтамаларды пайдаланады	Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып тексереді	
		Шығарылған есептердің дұрыстығын бақылайды	
		Тапсырмалардың нәтижесін тексеру	
		Шығарылған есептердің жақсы үлгілерін көрсетеді	

Сабақтың соңы (35-45мин)	<p>Топ бойынша есептер шығару Әр топқа деңгейлік тапсырмаларды беріледі. Топтық жұмыс. Сынып екі топқа бөлінуі керек.</p> <p style="text-align: center;">I топ</p> <p>Планиметриялық фигуралар жөнінде өмірден мысалдар келтіріп, қолданылуы жайлы деректер беруі тиіс.</p> <p style="text-align: center;">II топ</p> <p>Стереометриялық фигуралар жөнінде өмірден мысалдар келтіріп, қолданылуы жайлы деректер келтіруі қажет.</p>	
---------------------------------	--	--

Қосымша ақпарат

Қорытындылау	Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз. Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.
1. Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе? 2. Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?	
Қорытынды бағалау Ең жақсы өткен екі нәрсе? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді? 1. 2.	

Тақырыбы: 2-3 САБАҚ	Аксиома. Теорема
Күні, айы:	Мұғалімнің аты-жөні:

7 сынып	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	<p>7.1.1.1 планиметрияның негізгі фигураларын білу: нүкте, түзу;</p> <p>7.1.1.5 кесінді, сәуле, бұрыш, үшбұрыш, жарты жазықтық анықтамаларын білу;</p> <p>7.1.1.2 нүктелер мен түзулердің тиістілік аксиомаларын білу және қолдану;</p> <p>7.1.1.3 аксиоманың теоремадан айырмашылығын түсіну: теореманың шарты мен қорытындысын ажырату;</p> <p>7.1.2.1 нүктелердің түзу мен жазықтықта орналасу аксиомаларын білу және қолдану (реттік аксиомасы);</p> <p>7.1.1.6 кесінділер мен бұрыштарды өлшеу аксиомаларын білу және қолдану;</p> <p>7.1.1.8 кесінділер мен бұрыштарды салу аксиомаларын білу және қолдану;</p> <p>7.1.1.11 берілген үшбұрышқа тең үшбұрыштың бар болуы аксиомасын білу;</p> <p>7.1.2.2 түзулердің параллельдік аксиомасын білу;</p>	
Сабақ мақсаты	<p>Барлық оқушылар: Геометрия пәні туралы, қолданысы, салалары мен негізгі ұғымдарымен танысады.</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі: Оқушылар тақырып ұғымын біледі, түснеді және есеп шығаруда пайдаланады</p> <p>Кейбір оқушылар: геометрияның қолданысы туралы біледі Геометриялық негізгі ұғымдарды біледі.</p>	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы(2-5 минут)	«Миға шабуыл» әдісі арқылы сұрақ жауап	
Сабақтың ортасы (6-40 минут)	<p>Топтарға жаңа тақырып бойынша Кітаппен жұмыс атқару үшін әр топқа кітаптағы тапсырмалармен жұмыс істеуді тапсыру, мағанасын талдау Тақырыштарға шолу</p> <p>Геометрия аксиомалары</p> <p>Аксиома (<i>көне грекше</i>: <i>ἀξίωμα</i> — лайықты қабылданған қағида) — нанымдылығы ақиқат (шындық) болғандықтан логикалық дәлелдеусіз алынатын қағида; теорияның ақиқат (шындық) ең бастапқы қағидасы.^[1] “Аксиома” термині Ертедегі Грекияда пайда болған. Ол алғаш рет Аристотельдің (біздің заманымыздан бұрын 384 — 322 жылдары) еңбектерінде кездеседі.^[2] Ал Евклид (біздің заманымыздан бұрын III ғасырда) аксиомалық жүйені пайдалана отырып өзінің басты еңбегі — “Негіздерді” жазды.^[3]</p>	<p>Оқулық</p> <p>Доп, текше кітап, дәптер, қалам, қарын даш.</p> <p>№1 Жұмыс дәптері</p>

Математикалық теорияның негізі болып табылатын аксиомалар жүйесі де аксиомалар сияқты үнемі өзгертіліп әрі жетілдіріліп отырады. Аксиомалар жүйесіне оның қайшылықсыздығы, тәуелсіздігі және толықтығы сияқты негізгі талаптар қойылады. Аксиомалық тәсілдер геометрияда, арифметикада, ықтималдықтар теориясында тағы басқа салаларда кеңінен қолданылады. Қазақша аксиомалық әдіс.^[4]

Мысалы:

1. Қандай түзуді алсақ та, ол түзуге тиісті нүктелер де, оған тиісті емес нүктелер де бар болады.
2. Кез келген екі нүкте арқылы бір ғана түзу жүргізуге болады.

1 аксиома[

а) Қандай түзу болмасын, ол түзуде жататын нүктелер де, жатпайтын нүктелер де болады.

ә) Кез келген екі нүкте арқылы тек бір түзу ғана жүргізуге болады.

2 аксиома]

Түзу бойындағы үш нүктенің тек біреуі ғана қалған екеуінің арасында жатады.

3 аксиома

а) Әрбір кесіндінің нөлден үлкен ұзындығы бар.

ә) Кесіндінің ұзындығы оның әрбір нүктесі мен бөліктерінің қосындысына тең.

4 аксиома]

Түзу жазықтықты екі жарты жазықтыққа бөледі.

5 аксиома[

а) Әрбір бұрыштың нөлден үлкен градустық өлшемі болады.

ә) Бұрыштың градустық өлшемі осы бұрыштың қабырғаларының арасы арқылы өтетін кез келген сәулемен бөлінетін бөліктерінің қосындысына тең.

Теорема

- Теорема – дәлелдеуді қажет ететін тұжырымдама

Теоремалардың кері теоремасы болады. Бірақ, барлық теореманың кері теоремасы жоқ.

Мысалы:

1) Егер үшбұрыштың бір төбесінен түсірілген биссектрисасы, медианасы және биіктігі, барлығы, беттесе, онда бұл үшбұрыш – теңбүйірлі үшбұрыш.

Осы теоремаға кері теорема:

2) Егер үшбұрыш теңбүйірлі болса, онда оның екі тең бүйірі қиылысқан төбесінен түсірілген биссектрисасы, медианасы және биіктігі, барлығы, беттеседі.

Деңгейлік тапсырмалар:

1. Фигура дегеніміз не?
2. Планиметрияда қандай фигуралар зерттеледі?
3. Үшбұрыш, төртбұрыш, көпбұрыш фигураларына күнделікті өмірден қолданылатын заттардан мысалдар келтір.

4. Бір түзде жататын А,В және С үш нүкте неше кесінді құрайды?
 5. Бір түзде жатпайтын екі кесіндінің неше ортақ нүктесі бар болуы мүмкін?
 6. М нүктесі К және Р нүктелерінің арасында жатыр. Егер $KP=0,9$ дм, $KM = 0,3$ дм болса, М және Р нүктелерінің ара қашықтығын тап.

С - АВ кесіндісінің ортасы. О- АС кесіндісінің ортасы.
 1) $AB=2$ см болса,
 АС,СВ,АО и ОВ кесіндісін тап.

Өзара бағалау (дескриптор бойынша)

Бағалау СГ 3. Есептердің шығару нәтижелерін көрсету

Оқытудың мақсаты бойынша.

Бағалау критеріі	Дескриптор
Кез келген есептерді шығару тәсілдерін мен анықтамаларды пайдаланады	Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып тексереді
	Шығарылған есептердің дұрыстығын бақылайды
	Тапсырмалардың нәтижесін тексеру
	Шығарылған есептердің жақсы үлгілерін көрсетеді

Сабақтың соңы(41-45мин)

Мына кестені толтыра отырып сабақтың мазмұны бойынша **қорытынды шығар**

Геометрия пәні	Геометрияның қолданысы, салалары	Геометрияның негізгі ұғымдарын атаңыз
----------------	----------------------------------	---------------------------------------

Топтық жұмыс.

I топ	II топ
Планиметрия	Стереометрия

Қосымша ақпарат

Қорытындылау

Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз.Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1.Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе?
 2.Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?

Оқу материалы мазмұнына рефлексия жасау арқылы игерген білімін көрсетеді

Қорытынды бағалау

Ең жақсы өткен екі нәрсе?

1.
 2.
 Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?

- 1.
- 2.

Сабақ тақырыбы Сабақ 4	Есептер шығару	
Мерзімі		
Сынып 7	Қатысқандар саны ()	қатыспағандар саны
Сабақ негізделген оқу мақсаты	<p>7.1.1.1 планиметрияның негізгі фигураларын білу: нүкте, түзу;</p> <p>7.1.1.5 кесінді, сәуле, бұрыш, үшбұрыш, жарты жазықтық анықтамаларын білу;</p> <p>7.1.1.2 нүктелер мен түзулердің тиістілік аксиомаларын білу және қолдану;</p> <p>7.1.1.3 аксиоманың теоремадан айырмашылығын түсіну: теореманың шарты мен қорытындысын ажырату;</p> <p>7.1.2.1 нүктелердің түзу мен жазықтықта орналасу аксиомаларын білу және қолдану (реттік аксиомасы);</p> <p>7.1.1.6 кесінділер мен бұрыштарды өлшеу аксиомаларын білу және қолдану;</p> <p>7.1.1.8 кесінділер мен бұрыштарды салу аксиомаларын білу және қолдану;</p> <p>7.1.1.11 берілген үшбұрышқа тең үшбұрыштың бар болуы аксиомасын білу;</p> <p>7.1.2.2 түзулердің параллельдік аксиомасын білу;;;</p>	
Оқу нәтижелері	теоремаларды дәлелдеп, есеп шығару барысында пайдалана білуге үйренеді	
	Оқушылардың басым бөлігі теңдеуге мысалдар келтіріп, олардың мағынасын ажыратады.	
	Өз ойын анық, ашық жеткізе алуға үйренеді, сұрақты қоя білуге және оған жауапты бере алады. Алгоритмдерді дұрыс қолдана отырып, есептің шешімін дұрыс табуға үйренеді.	
Алдыңғы оқу	Теңдеу. Теңдеудің түбірі	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	45

<p>Басталуы</p> <p>1. Ұйымдастыру</p>	<p>Атмосфералық жағдайды қалыптастыру.</p> <p>Миға шабул. Өткен тақырыптар бойынша сұрақтар қойылады</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аксима дегеніміз не? 2. Теорема дегеніміз не? 3.)андай фигураларды білесіңдерр? 4. Планаметрия деген не? 	<p>5 минут</p>								
<p>Ортасы</p>	<p>Деңгейлік тапсырмалар:</p> <p>I деңгей тапсырмалары</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Геометрия дегеніміз не? 2. Геометрия ғылымының дамуына үлес қосқан ерте заман ғалымдарын ата. 3. Геометрия неше салаға бөлінеді және оларды ата? 4. Шар, кесінді, конус, цилиндр, сызық. Осы фигураларды геометрияның қай саласы зерттейтінін ата. <p>II деңгей тапсырмалары</p> <ol style="list-style-type: none"> 5. Кез келген екі нүктені белгіле. 6. Екі нүкте арқылы түзу сыз; 7. Екі нүктенің ара қашықтығын өлшеп дәптерге жаз. <p>Тапсырма бойынша берілетін мәліметтерді ортаға салады, бірінің жауабын бірі толықтырады, кластер құрады, қорғауға дайындалады. «теорема», «аксиома», «дәлелдеме» термин сөздерін әр топ қалай түсінетіндерін суретпен бейнелу арқылы немесе сызбамен көрсетіп дәлелдеу арқылы тақтаға шығып қорғайды.</p> <p>Өзара бағалау (дескриптор бойынша)</p> <p>Бағалау СГ 3. Есептердің шығару нәтижелерін көрсету Оқытудың мақсаты бойынша.</p> <table border="1" data-bbox="435 1422 1369 1792"> <thead> <tr> <th data-bbox="435 1422 751 1482">Бағалау критеріі</th> <th data-bbox="751 1422 1369 1482">Дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="435 1482 751 1637" rowspan="3">Кез келген есептерді шығару тәсілдерін мен анықтамаларды пайдаланады</td> <td data-bbox="751 1482 1369 1565">Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып тексереді</td> </tr> <tr> <td data-bbox="751 1565 1369 1637">Шығарылған есептердің дұрыстығын бақылайды</td> </tr> <tr> <td data-bbox="751 1637 1369 1697">Тапсырмалардың нәтижесін тексеру</td> </tr> <tr> <td data-bbox="435 1697 751 1792"></td> <td data-bbox="751 1697 1369 1792">Шығарылған есептердің жақсы үлгілерін көрсетеді</td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критеріі	Дескриптор	Кез келген есептерді шығару тәсілдерін мен анықтамаларды пайдаланады	Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып тексереді	Шығарылған есептердің дұрыстығын бақылайды	Тапсырмалардың нәтижесін тексеру		Шығарылған есептердің жақсы үлгілерін көрсетеді	<p>35 минут</p>
Бағалау критеріі	Дескриптор									
Кез келген есептерді шығару тәсілдерін мен анықтамаларды пайдаланады	Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып тексереді									
	Шығарылған есептердің дұрыстығын бақылайды									
	Тапсырмалардың нәтижесін тексеру									
	Шығарылған есептердің жақсы үлгілерін көрсетеді									
<p>Аяқталуы</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қортындылау (Жинақтау+ бағалау) 2. Үйге тапсырма 	<p>Сабақты қорытындылау:</p> <p>Топтық жұмыс.</p> <p>Сынып оқушылары екі топқа бөлініп келесі тапсырманы орындайды.</p> <p>I топ</p>	<p>5 минут</p>								

AB түзуіне тиісті X нүктесі A мен B нүктелерінің арасында орналасқан. Егер $AX=2,5\text{см}$, $XB=3,4\text{см}$ болса, AB кесінсінің ұзындығын тап.

II топ

C және D нүктелері AB кесіндісінде орналасқан, $AC=DB$ болса, C нүктесі A и D нүктелері арасында орналасқан. Егер $AB=58\text{см}$, $CD=2,8\text{дм}$ болса, AC және DB кесінділерінің орталарының ара қашықтығын табыңдар.

Қосымша ақпарат

<p>Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау - оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайыз? Фармативтік бағалау түрлерін қолдану арқылы :сабақты тусынгенін тексеру бас бармақ әдісін қалданамын.</p>	<p>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс құндылығы байланыс</p>
<ul style="list-style-type: none"> Қиындық туындайтын сәт болса өзім түсіндіремін. 	<p>Сұрақтар беру арқылы</p>	<ul style="list-style-type: none">
<p>Рефлексия Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Төмендегі ұяшыққа сабақ туралы өз пікірлеріңізді жазыңыз. Сл ұяшықтағы Сіздің сабақтың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	

Қорытынды бағамдау

Қандай екі нәрсе табысты болды? (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)

- 1.
- 2.



Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды? (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)

- 1.
- 2.

Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?

- 1.
- 2.

Тақырыбы: Сабақ 5	Фигуралардың теңдігі	
Күні, айы:	Мұғалімнің аты-жөні:	
7 сынып	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.1.1.7 тең фигуралардың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: Фигуралар теңдігімен танысады. Бірлік кесіндімен және кесінділерді өлшеу аксиомаларымен жұмыс істуге үйренеді	
	Оқушылардың басым бөлігі: Топ жұмысына араласуға дағдыланады Өздігінен білім алып, нәтиже шығаруға үйренеді. Өзін-өзі реттеу түсініктері қалыптасады.	
	Кейбір оқушылар: Фигуралар теңдігін анықтауды үйреніп түрлі амалдарға қолданады.	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы(2-5 минут)	<p>Атмосфералық жағдайды қалыптастыру. Миға шабуыл әдісінің арқылы өткен тапсырмағаны қайталау Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы диалогқа түсіру Слайдта берілген сұрақтарға жауап беру, топпен тапсырманы орындау</p>	
Сабақтың ортасы (6-40 минут)	<p>(МК,Ұ) 1 « Жигсо» әдісі бойынша тарау тақырыптарына қатысты өздері талқылап, өздері қайталау масатында қосымша тапсырмалар таратылады Оқушылар көлемді мәтінді әрқайсысы жеке-жеке топ ішінде оқып шығып топпен талқылайды, сосын топтар құрамы өзгертіліп, құрамында әр бастапқы топтан бір белсенді оқушы бар жаңа (сарапшылар тобы) топтар құрылды. Құрылған сарапшы топ берілген тапсырмаларды біріге талқылап орындайды Осыдан кейін олар өз топтарына қайта оралып, өздерінің бұрынғы топтағы достарына кезекпен өз жанұяларында түсінген материалдарын <i>тиянақты түрде жеткізіп, үйрет керек</i></p> <p>Анықтама: <i>Сәйкес нүктелері беттесетін екі фигура тең фигуралар деп аталады.</i></p> <p>Мысалы, ABCD төртбұрышының A' B' C' D' төртбұрышына тең екенін көрсету үшін ABCD төртбұрышы нүктелері үстіне A' B' C' D' төртбұрышының сәйкес нүктелерін дәл келетіндей беттестіреміз. Егер A нүктесімен A' нүктесі, AB кесіндісімен A'B' кесіндісі сәйкес келсе, онда берілген екі төртбұрыш тең болып табылады.</p> <p>Анықтама: <i>Беттестіргенде ұштары дәл келетін кесінділер тең кесінділер деп аталады.</i></p> <p>AB және A'B' кесінділері берілсін. Егер AB кесіндісін A'B' кесіндісінің үстіне A және A' нүктелері дәл келетін етіп қойғанда B және B' ұштары дәл келсе, AB және A'B' кесінділері тең болады да $AB = A'B'$ деп жазылады.</p> <p>Егер AB кесіндісін A'B' кесіндісінің үстіне A және A' нүктелері сәйкесетін етіп қойғанда B және B' нүктелері дәл келмесе төмендегі екі жағдай болуы мүмкін.</p> <div style="text-align: center;">   </div> <p>Кесіндінің ұзындығын өлшеу үшін бөлік сызықтары бар сызғышты қолданады. AC кесіндісінің ұзындығы 120 мм-ге тең. Мұнда кесіндінің өлшем бірлігі ретінде 1 мм алынған.</p> <p style="text-align: center;"><i>I топ</i></p>	<p>Оқулық №1 Жұмыс дәптері</p>

1. Кез келген кесінді сызындар. Циркульдің көмегімен оған тең кесінді өлшеп салындар.
2. Қағаздан қиып алынған $ABCD$ шаршысын AC кесіндісі бойымен бөліңдер. Пайда болған үшбұрыштардың теңдігіне көз жеткізіңдер.
3. $ABCD$ квадраты берілген. AB, BC, CD, DA, AC, BD кесінділерінің ішінен; Өзара тең болатын; Ортақ нүктесі болатын; Ортақ нүктелері болмайтын кесінділерді анықтаңдар. Сызбада көрсетіңдер.
4. $AB=20\text{м}, AC=5\text{м}, BD=7,9\text{м}$ кесінділері берілген. Төмендегі жағдайлар үшін
 CD кесіндісінің ұзындығын табыңдар:
 1. C мен D нүктелері AB кесіндісінде жатады.
 2. C мен D нүктелері AB кесіндісіне тиісті емес.
 3. C нүктесі ғана AB кесіндісіне тиісті.
 4. D нүктесі ғана AB кесіндісіне тиісті.

II топ

1. A, B, C нүктелері бір түзуде жатады, ал A нүктесі B және C нүктелерінің арасында жатады. $AB=x, AC=x+4,3, BC=6,7$. AC кесіндісінің ұзындығын табыңдар.
2. Бір түзудің бойынан C, D және M нүктелері алынған. M нүктесі C мен D нүктелерінің арасында жатады. Егер $CM=a+1, DM=a+2$ болса, онда CD кесіндісінің ұзындығы 3-тен артық бола ма?

III ТОП

16 тор көзден тұратын шаршыны өзара тең үш кесінді арқылы екі тең бөлікке бөліңдер

Өзара бағалау (дескриптор бойынша)

Бағалау СГ 3. Есептердің шығару нәтижелерін көрсету

Оқытудың мақсаты бойынша.

Бағалау критерии	Дескриптор
Кез келген есептерді шығару тәсілдерін мен анықтамаларды пайдаланады	Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып тексереді
	Шығарылған есептердің дұрыстығын бақылайды
	Тапсырмалардың нәтижесін тексеру
	Шығарылған есептердің жақсы үлгілерін көрсетеді

Сабақтың соңы(41-45мин)

(Қ Топпен есеп шығару, меңгеру
Топтарға жаңа тақырып бойынша сабақты толық меңгерту мақсатында өз пікірлерін сурет арқылы қорғайды, ол үшін конвертке салынған сұрақтар таратылады.Тақырып туралы өз ойларын суретке салады

Топтық жұмыс.

Оқушылар үш топқа бөлініп келесі тапсырманы орындайды.

I топ

1. ABC және DEF үшбұрыштары тең: $DE=3\text{ см}, EF=4\text{ см}, DF=5\text{ см}$.

	<p>ABC үшбұрышының қабырғаларын табыңдар.</p> <hr/> <hr/> <p style="text-align: center;">II топ</p> <p>1. ABC және MDK үшбұрыштары тең. $AB=3$ см, $BC=4$ см, $AC=5$ см. MDK үшбұрыштарының қабырғаларын табыңдар.</p> <hr/> <hr/>	
Қосымша ақпарат		
Қорытындылау	Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз. Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.	
<p>1.Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе?</p> <p>2.Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?</p>		
<p>Қорытынды бағалау</p> <p>Ең жақсы өткен екі нәрсе?</p> <p>1.</p> <p>2.</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?</p> <p>1.</p> <p>2.</p>		

САБАҚ: 6-7		
Күні:	Оқытушының аты-жөні:	
СЫНЫП: 7	Барлық оқушы саны:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:	Теореманы дәлелдеу әдістері: тура дәлелдеу және «кері жору» әдісі.	

Сабақ негізделген оқу мақсаты	Пәнаралық байланыс арқылы ой өрісін кеңірек дамытады, өткен тақырыптарға шолу жасай отырып білімдерін нақтылап, қорытындылайды.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсат	7.1.1.4 теоремаларды дәлелдеу әдістерін білу: тура дәлелдеу және «кері жору» әдістері	
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар: Тақырып бойынша ойларын айқын тұжырымдайды;Диалогтік оқытудағы жоғары және төменгі мәртебелі сұрақтарды қойып үйренеді	
	Оқушылардың басым бөлігі: Өткен тақырыптарды қайталау арқылы оның маңызындылығын түсіне отырып, білімін, ой-өрісін дамытуға дағдыланады ;	
	Кейбір оқушылар: Өз пікірлерін ашық айтады, әрі дәлелдей алады. Аксиома мен анықтаманың айырмашылығын біледі, теореманы дәлелдей алады	
Тілдік мақсат	Негізгі сөздер мен тіркестер: Теорема аксима;	
	Сыныптағы диалог/ жазылым үшін тілдік бірліктер:	
	Талдауға арналған тармақтар: Теореманы мысалдар келтіру арқылы дәлелдеу.	
	Жазылым бойынша ұсыныстар: Есептер шығарады,	
Ресурстар	"Геометрия" оқулық, жұмыс дәптері, интербелсенді тақта, плакат, стикер, маркерлер.	
Алдыңғы білім	Теореманы дәлелдеу әдістері	
	Жоспарланған әрекеттер	
	Ресурстар	
Басы 10 мин	I. Ұйымдастыру. Оқушылар тақтаға жазған сандарын топтау арқылы топтарға бірігеді. Әр оқушыға арналған жұмыс дәптерлері таратылып сол бойынша жұмыс жасайды, әр топқа А парағы және бағалау парағы ұсынылады. II. Үй тапсырмасын тексеру. " 1 Фигра теңдігі деген не?Ю 2 Аксиома деген не?	
Ортасы	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Теореманың шарты-оның берілгені. ▶ Қорытынды-дәлелденуге тиісті қасиеттер. ▶ Мысалы. Егер натурал санның жазылуындағы цифрлардың қосындысы 3-ке бөлінсе, онда ол санның өзі де 3-ке бөлінеді. <p>Мұндағы “Егер натурал санның жазылуындағы цифрлардың қосындысы 3-ке бөлінсе” –теореманың шарты, ал “онда ол санның өзі де 3-ке бөлінеді”-теореманың қорытындысы.</p> <p>Теоремаларды дәлелдегенде оқушыларды дәлелдеу әдісгеріне төселдіріп, оны есеп шығарғанда, басқа пәндерді оқығанда, ойлану үрдісіне пайдалануға үйрету мақсатын көйдейміз. Олай болса, мұғалім оқушыларға теоремаларды дшіслдеуді үйретуге көңіл бөлуі керек.</p> <p>Кейбір теоремалардың оқылуынан немесе оны дәлелдеу үшін сызылған сызбадан оқушыларға теоремада дәлелденетін ой айқын көрініп тұрған сияқтанады да, олардың "Дәлелдемей-«К блсілі ғой, иесін дәлелдейміз және осы дәлелдеудің керегі ие?" дейтіні болады. Мұндай жағдайда оқушыларға логикалық долслдеусіз ешбір тұжырымға сенбеуді, әрбір тұжырым тек</p>	

дәлелденгеннен соң ғана күшіне еніп, ғылыми дәрежеге жеістігін түсіндіру қажет.

Теореманың ішінде шарты және қорытындысы болады. Шартынан не берілгенін, ал қорытындысынан не дәлелдеу керек екенін білуге болады. Теорема "егер" деген сөзбен басталса, "онда" деген сөзге дейінгі - оның шарты, ал онда деген сөзден аяғына дейінгі - қорытындысы. Бірақ кейбір теоремалардың шарты мен қорытындысын оқушылар айыра алмайды. Мұндай жағдайда оқушыларға мұғалім көмектесіп үйретуі керек.

Мысалы: «Сыбайлас бұрыштардың қосындысын табыңыздар». Оқушылар транспортирмен бұрыштарды өлшеп, қосындысы 180 болатынынша табады да, «Сыбайлас бұрыштардың қосындысы 180 болады» деген теореманы өздері айтады. Бұл көрнекі-белсенділік әдістің бір жақсысы оқушылар өздігінен белсенді жұмыс істейді, есептер шығаруды үйренеді.

Сөйтіп, оқушыларды теоремамен таныстырғанда неғұрлым олар саналы және белсенді қатынасатын болса, соғұрлым теорема және оның ілгерідегі дәлелденуі оларға түсінікті болады.

Теореманы түсіну және дәлелдеу процесінде дұрыс салынған сызбаның маңызы өте зор. Алайда, мұғалімдердің көпшілігі теореманы дәлелдеу процесінде сызбаны пайдаланғанда теореманың шартын қанағаттандыратын көптеген сызбалардың ішінен дербес біреуін ғана қарастырады да одан өзгеріп кетсе оқушылар дағдарысқа ұшырайды. Сондықтан теореманы дәлел-дегенде тек «стандарт» сызбаны пайдаланбай, теореманың мазмұнына сәйкес келетін сызбалардың әртүрлі болатынын әрдайым айтып отыру керек.

Кейбір теоремалардың сызбаларының түрлі варианттарын қозғалмалы көрнекі құралмен көрсетуге болады. Теоремаларды дәлелдегенде, оның сызбаларының әр түрлі варианттарын көрсетуге көп уақыт кетеді, бірақ өйткені мен мұғалім алғашқыда сызбаның сондай бірнеше вариантын көрсетіп, одан кейін көрсетпегенімен ауызша айтып, оқушылардың өздеріне тапсырып отырса, кейін теорема сызбасының әр түрлі варианттарын өздері іздейтін болады және сызбаның әр түрлі варианттарында да теореманы дәлелдей алатын болады.

Теореманы логикалық жолмен дәлелдеу.

Теореманы оқушылардың бұрыннан білетін материалдарына сүйеніп, оларды негізге ала отырып логикалық жолмен дәлелдейтініміз белгілі. Дәлелдеу процесінде қарастырылып отырған теорема мен өтілген теоремалар арасындағы логикалық байланысты көрсету үшін бір-екі теорема алып, олар "бұрынғы" қандай теоремалар арқылы дәлелденетінін схема сызып түсіндірген жөн.


Теореманы қарсы жорып дәлелдеу әдісі.

Қарсы жорып дәлелдеу әдісі математикада қолданылады, сондықтан оған VI сыныптан бастап үйрету керек. Бұл әдісті қолданып теорема дәлелдегенде оқушыларға мынандай қиыншылықтар кездеседі:

а) белгілі дәлелдерді пайдалана отырып тура жолмен дәлелдеуге үйренген оқушыларға, қарсы жорып дәлелдеу түсініксіз болады.

б) көзбе-көз дұрыс емес деп (әсіресе сызба теріс сызылғанда) ұйғарудың қандай қажеттігі бар екендігі де оқушыларға түсініксіз болады. Мысалы, бір түзуге жүргізілген екі перпендикуляр туралы теореманы дәлелдегенде бір мұғалім, сызба жөнінде еш нәрсе айтпай «бір түзуге жүргізілген екі перпендикуляр бір Р нүктесінде қиылысады екен дейік», - деп тақтаға екі перпендикулярды Р нүктесінде қиылыстырып сызған. «Р нүктесінен түзуге неше перпендикуляр түсіріледі?» дегенде кей балалар "төртеу", кейбіреулері «Р нүктесінен бір де бір перпендикуляр түсірілген жоқ» деп жауап берген. Бұл сызбаның нені кескіндейтінін оқушылардың түсінбейтіндігі.

	<p style="text-align: center;">1-2 топ</p> <p>1. Мына сөйлемдердің қайсысы аксиома, қайсысы теорема болатынын анықтаңдар: 1) кез келген екі нүкте арқылы бір ғана түзу жүргізуге болады; 2) шаршының диагоналары тең болады; 3) шеңбердің центрінен басталатын сәуле оны бір нүктеде қиып өтеді; 4) бір түзудің бойында жататын үш нүктенің біреуі ғана қалған екеуінің арасында жатады</p> <hr/> <p>2. Шеңбердің центрі арқылы өтетін түзудің оның екі нүктеде қиятынын дәлелдендер.</p> <hr/> <p>3. “Егер екі бұрыштың бұрыштық өлшемдері тең болса, онда олар тең болады” тұжырымына кері тұжырым жасыңдар.</p> <hr/> <p>4. Егер бұрыш тік бұрыштан кіші болса, онда ол сүйір бұрыш болады. Бұл сөйлем теорема бола ма?</p> <hr/> <p style="text-align: center;">3-4 топ</p> <p>1. Келесі тұжырымдаманың ішінен дұрыс берілген тұжырымдаманы анықтаңдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) “Биссектрисса-бұрышты қақ бөлетін сәуле” 2) “Егер сәуле биссектрисса болса, онда ол бұрышты қақ бөледі” 3) “Бұрыштың төбесінен шығатын сәуле бұрыштың биссектриссасы деп аталады” 4) “Бұрыштың төбесінен шығып, оны қақ бөлетін сәулені оның биссектриссасы деп атайды” <p>2. “Жазыңқы бұрыштың биссектриссасы оны екі тік бұрышқа бөледі” деген тұжырымдаманы дәлелдендер.</p>
<p>Соңы</p>	<p>1. Кез келген кесінді сызыңдар. Циркульдің көмегімен оған тең кесінді өлшеп салыңдар.</p> <p>2. Қағаздан қиып алынған $ABCD$ шаршысын AC кесіндісі бойымен бөліңдер. Пайда болған үшбұрыштардың теңдігіне көз жеткізіңдер.</p> <p>3. $ABCD$ квадраты берілген. AB, BC, CD, DA, AC, BD кесінділерінің ішінен; Өзара тең болатын; Ортақ нүктесі болатын; Ортақ нүктелері болмайтын кесінділерді анықтаңдар. Сызбада көрсетіндер.</p> <p>4. $AB=20\text{м}, AC=5\text{м}, BD=7,9\text{м}$ кесінділері берілген. Төмендегі жағдайлар үшін CD кесіндісінің ұзындығын табыңдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. C мен D нүктелері AB кесіндісінде жатады. 2. C мен D нүктелері AB кесіндісіне тиісті емес. 3. C нүктесі ғана AB кесіндісіне тиісті. 4. D нүктесі ғана AB кесіндісіне тиісті. <p>Қорытынды.</p>



Жұмыс дәптерінде берілген арнайы кесте арқылы кері байланыс орнатады.

Үйге тапсырма

- 1) **Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері**
- 2) №68, 73, 105, 86 есептерді аяқтап шығару

Бағалау.

Сабақ барысында жиналған:

"5" - 31-38 балл

"4" - 24-30 балл

"3" - 18-23 балл

Рефлексия

Сабақ мақсаттары/оқыту мақсаттары жүзеге асырымды болды ма?
Бүгін оқушылар нені үйренді?
Оқыту ортасы қандай болды? Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма?
Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба?
Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?

Қорытынды бағалау

Ең жақсы өткен екі тапсырманы атап көрсетіңіз (оқытуға және үйренуге қатысты)

1:

2:

Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқытуға және үйренуге қатысты)?

1:



2:

Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпаратты білдім?

1:

2:

Тақырыбы: Сабақ 8	Сыбайлас және вертикаль бұрыштар және олардың қасиеттері.	
Күні, айы:	Мұғалімнің аты-жөні:	
	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.1.1.9 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың анықтамаларын білу; 7.1.1.10 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың қасиеттерін дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.32 перпендикуляр ұғымын біледі	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: сыбайлас және вертикаль бұрыштар ұғымы туралы оқушылардың түсініктерін кеңейтеді, олардың қасиеттерін түсіндіру және оларды есептер шығаруда қолдануды үйренеді	
	Оқушылардың басым бөлігі: сыбайлас және вертикаль бұрыштар анықтамасын, қасиеттерін білу және олардың градустық өлшемдерін табу білімдерін, сызбаларын салу және ажырату бейімділіктерін қалыптастырады	
	Кейбір оқушылар: Тақырыптың мағанасын түсінеді, есептер мен тапсырамалар арқылы өз бетімен жұмыс істеп үйренеді	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы(2-5 минут)	(Оқушылармен сәлемдесу, ынтымақтастық атмосферасын орнату. тапсырмалары өткен тақырыптар бойынша жаңа сабақты меңгеруге негіз болатын қайталау тапсырмалары Бұрыш ұғымына байланысты сұрақтар (білімді жандандыру): <ol style="list-style-type: none"> 1. Геометриялық фигура – бұрыштың анықтамасы. 2. Бұрыштың қандай түрлері бар? 3. Сүйір бұрыш деп қандай бұрышты айтады? 4. Қандай бұрышты доғал бұрыш деп айтады? 5. Қандай бұрышты тік бұрыш деп айтады? 6. Тік бұрыш деп қандай бұрышты айтады? 7. Толық бұрыш дегеніміз қандай бұрыш? 8. Бұрышты өлшем бірлігі. 9. Бұрышты қандай құралмен өлшейді? 10. Бұрышты өлшеу қасиеттері (аксиомалар). 11. Қандай бұрыштарды тең бұрыштар деп айтамыз? 	

<p>Сабақтың ортасы (6-40 минут)</p>	<p>(МК,Ұ) Венн диаграммасы арқылы сыбайлас және верикаль бұрышты сипаттау</p>  <p>Осы сүйір бұрыштың бір қабырғасын жазыңқы бұрышқа дейін толықтырайық.</p> <p>Сонда неше бұрыш пайда болды? DO B</p> <p>Осы пайда болған бұрыштарды сыбайлас бұрыштар деп атайды.</p> <p>Қане, балалар салған сызбаға қарап отырып осы бұрыштардың анықтамасын тұжырымдайық.</p> <p><i>Егер екі бұрыштың бір қабырғасы ортақ, ал қалған екі қабырғалары толықтауыш сәулелер болып келетін екі бұрыш сыбайлас бұрыштар деп аталады.</i></p> <p>О – бас нүкте, ОА – ортақ қабырға. ОВ, ОD қабырғалары – бір –біріне толықтауыш сәулелер.</p> <p>Теорема: <i>Сыбайлас бұрыштардың қосындысы 180°- қа тең.</i></p> <p>Дәлелдеуі: III₄ аксиомасы негізінде: $\angle AOD + \angle DOB = \angle AOB$. $\angle AOB$ – жазыңқы бұрыш, $\angle AOB = 180^\circ$.</p> <p>Ендеше, $\angle AOD + \angle DOB = 180^\circ$. Д.к.о.</p> <p>О нүктесінде қиылысқан а және b түзулері берілсін.</p> <p>$a \cap b = O$.</p>  <p>$\angle 1, \angle 3$ және $\angle 2, \angle 4$ – вертикаль бұрыштар. Бір бұрыштың қабырғалары екінші бұрыш- вO тың қабырғаларының созындысы болып келетін екі бұрышты – вертикаль бұрыштар деп атайды.</p> <p>ОС, ОВ және ОА, ОD сәулелері бір –бірінің созындысы.</p> <p>Теорема: Вертикаль бұрыштар тең болады.</p> <p>Дәлелдеуі: $a \cap b = O$. $\angle 1, \angle 3$ вертикаль бұрыштар. $\angle 1 + \angle 2 = \angle AOD$; $\angle 3 + \angle 2 = \angle BOC$.</p>	<p>Оқулық Жұмыс дәптері</p>
--	--	-----------------------------

	$\angle AOD = 180^\circ \rightarrow \angle 1 + \angle 2 = 180^\circ, \quad \angle 1 = 180^\circ - \angle 2 \quad (1)$ $\angle BOC = 180^\circ \rightarrow \angle 3 + \angle 2 = 180^\circ; \quad \angle 3 = 180^\circ - \angle 2 \quad (2)$ <p>(1), (2) $\Rightarrow \angle 1 = \angle 3$. Д.к.о.</p> <p>Оқушылар критерий арқылы өзге топтың жұмысын бағалайды.</p>	
<p>Сабақтың соңы (41-45мин)</p>	<p>(К) Төмендегі тапсырмалар Ауызша есептер: ABC бұрышы 111, 90, 15 градусқа тең деп алып, ABC бұрышына сыбайлас бұрыш табындар. Сыбайлас бұрыштардың бірі тік бұрыш, екінші бұрыш қандай болады? Сыбайлас екі бұрыштың биссектрисалары жасайтын бұрышты табыңыздар. Вертикаль бұрыштардың биссектрисалары бір түзудің бойында жататынын дәлелдеңдер. Вертикаль бұрыштардың бір бұрышы $44^{\circ}15'$-қа тең. Қалған бұрыштарын табындар.</p> <p>Қорытындылау сұрақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сыбайлас бұрыштар деп қандай бұрыштарды айтамыз? 2. Сыбайлас бұрыштардың қосындысы неге тең? 3. Егер сыбайлас бұрыштардың біреуі сүйір бұрыш болса, онда екінші бұрыш қандай болады? 4. Егер сыбайлас бұрыштардың біреуі доғал бұрыш болса, онда екінші бұрыш қандай болады? 5. Егер сыбайлас бұрыштардың біреуі тік бұрыш болса, онда екінші бұрыш қандай болады? 6. Вертикаль бұрыштар деп қандай бұрыштарды айтамыз? 7. Вертикаль бұрыштардың қасиеті? 8. Вертикаль бұрыштардың бір жұбы тік бұрыштар болса, екінші вертикаль бұрыштар жұбының градустық өлшемі неге тең болады? <p>Әр топқа таратпа материалдар беріледі. Әр карточкада деңгейлік тапсырмалар жазылған. Топта қанша оқушы бар сонша карточка, әр оқушы тапсырманы жеке орындайды. Топ басшы әр оқушының орындаған тапсырмалар бойынша ұпай беріп бағалау парағына белгілейді. Жауаптарын интербелсенді тақтамен салыстырады.</p>	
Қосымша ақпарат		
Қорытындылау	Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз. Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.	

1.Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе?
2.Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?

Қорытынды бағалау

Ең жақсы өткен екі нәрсе?

- 1.
- 2.


Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?

- 1.
- 2.

Тақырыбы: Сабақ 9-10	Сыбайлас және вертикаль бұрыштар және олардың қасиеттері.	
Күні, айы:	Мұғалімнің аты-жөні:	
7 сынып	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.1.1.9 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың анықтамаларын білу; 7.1.1.10 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың қасиеттерін дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.32 перпендикуляр ұғымын біледі	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: Сыбайлас және вертикаль бұрыштар ұғымдарымен танысып, олардың қасиеттерін біліп, оларды қолданып, есептер шығарып үйрену дағдыларын қалыптастырады	
	Оқушылардың басым бөлігі: Топта жұмыс істеу арқылы ізденеді, біледі, түсінеді және мәтінмен жұмыс істеу арқылы пәнге қызығушылығы артады	
	Кейбір оқушылар: Оқытудың және оқудың жаңа тәсілдерін оқушылар пайдалана алады. Есеп шығаруда өз беттерінше жұмыстануға қалыптасады	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы (2-5 минут)	(МК) Оқушылардың сабаққа дайындығы. Сабақтың басталуына жағымды ықпал ететін көңіл күй қалыптастыру. Сабақ мақсатымен таныстыру. Жаңа сабаққа деген қызығушылықтары оянып, ерекше ынтамен кіріседі. Өзін-өзі стикер арқылы бағалайды	

<p>Сабақтың ортасы (6-40 минут)</p>	<p>(МК,Ұ) Постер қорғау Жаңа тақырыпқа байланысты түрткі сұрақтар қоямын. Әр топ тақырыпты ашу мақсатында постер қорғайды Топтарға жаңа тақырып бойынша сабақты толық меңгерту мақсатында өз пікірлерін сурет арқылы қорғайды, ол үшін конвертке салынған сұрақтар таратылады.Тақырып туралы өз ойларын суретке салады</p> <p>Топтық жұмыс:</p> <p style="text-align: center;"><i>I топ</i></p> <p>1. Сүйір бұрыш сызындар. Осы бұрышты ABD жазыңқы бұрышқа толықтырындар. Пайда болған бұрыштарды жазындар.</p> <hr/> <p>2. Берілген ABC және CBE сыбайлас жатқан бұрыштар арқылы ABE бұрышын табындар. ABE және ABC бұрыштарын салыстырындар.</p> <hr/> <p>3. Сыбайлас бұрыштардың біреуі 1) 45° 2) 120° 3) 18° болса, онда оның екінші бұрышы неге тең?</p> <hr/> <p>4. Сыбайлас бұрыштардың бірі 48° болса, онда екіншісі нешеге тең?</p> <hr/> <p style="text-align: center;"><i>II топ</i></p> <p>1. Екі бұрыштардың қиылысуынан пайда болған бұрыштардың бірі 50°-қа тең, қалған бұрыштарын табындар. Мұндағы сыбайлас бұрыштарды, жазыңқы бұрыштарды көрсетіндер.</p> <hr/> <p>2. Сыбайлас бұрыштардың бірі екіншісінен 5 есе артық болса, ол бұрыштардың үлкені нешеге тең?</p> <hr/> <p style="text-align: center;"><i>III топ</i></p> <p>Сыбайлас бұрыштардың биссектриссалары арасындағы бұрыш 90°-қа тең болатынын дәлелдендер.</p> <hr/> <p><input type="checkbox"/> Топтық жұмыс.</p> <p>а) Сыбайлас бұрыштардың биссектриссалары арасындағы бұрыш 90° - қа тең болатынын дәлелдендер.</p>	<p>Оқулық 4;</p> <p>Цифрлар жазылған карточкалар.Доп,карындаш.</p> <p>№1 Жұмыс дәптері</p>
--	---	--

b) Біреуі 60° - қа тең болатын сыбайлас бұрыштар биссектрисалары арасындағы бұрыштың шамасын табыңдар.
 c) Кез - келген сыбайлас бұрыштардың биссектрисалары арасындағы бұрыштың шамасы қандай?
 ▶ Егер $\angle AOB=20^\circ$; $\angle BOC=50^\circ$ болса, $\angle AOC$ бұрышын табыңдар.
 $\angle AOC=60^\circ$; $\angle BOC=35^\circ$ болса, $\angle AOB$ бұрышын есептеңдер.



Сабақтың соңы(41-45мин)

Төмендегі тапсырмалар
 1: ABC бұрышы 111, 90, 15 градусқа тең деп алып, ABC бұрышына сыбайлас бұрыш табыңдар.
 2 Сыбайлас бұрыштардың бірі тік бұрыш, екінші бұрыш қандай болады?
 3 Сыбайлас екі бұрыштың биссектрисалары жасайтын бұрышты табыңыздар.
 4 Вертикаль бұрыштардың биссектрисалары бір түзудің бойында жататынын дәлелдендер.
 5 Вертикаль бұрыштардың бір бұрышы $44015!$ -қа тең. Қалған бұрыштарын табыңдар. .
 Берілген тапсырманы уақытылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру, өзара пікір алмасады, топпен, жек дара тапсырмаларды орындайды, нәтижесінде топтаса отырып ортақ жауап табу керек . (Қ)Сабақты қортындылау мақсатында мұғалім оқушылармен кері байланыс орнатады. Оқушылар сабақ барысында нені білгенін, қалай жұмыс істегенін ,не қызықты әрі жеңіл болғанын, не қиындық туғызғаны туралы ой-пікірлерін білдіре алады.

Қосымша ақпарат

Қорытындылау

Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз. Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.

1.Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе?
 2.Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?

Қорытынды бағалау

Ең жақсы өткен екі нәрсе?

- 1.
- 2.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?

- 1.
- 2.

Тақырыбы: сабақ 11	1-бақылау жұмысы	
Күні,айы:	Мұғалімнің аты-жөні:	
	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	<p>7.1.1.9 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың анықтамаларын білу;</p> <p>7.1.1.10 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың қасиеттерін дәлелдеу және қолдану;</p> <p>7.1.1.32 перпендикуляр ұғымын біледі</p>	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар:	
	Оқушылардың басым бөлігі:	
	Кейбір оқушылар: Есеп шығаруда қолдана алады Өзара топта бірлесіп жұмыс жасай алатын болады	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы(2-5 минут)	(МК) Топ номерлері жазылған боялған асықтарды таңдау арқылы бір - бірінің ең жақсы қасиетін айту Топқа бөлу, көтеріңкі көңіл сыйлау. Ынтымақтастық атмосферасын құру. Топ мүшелерін «Көшбасшы», «хатшы», «баяндамашы», «уақыт сақшысы», «бақылаушы» ролдерін тағайындату	
Сабақтың ортасы (6-40 минут)	(МК,Ұ)	<p>Оқулық</p> <p>№1жұмыс дәптері</p> <p>Қосымша тапсырма:1. 7</p>

Сабақтың соңы(41-45мин)	Жаңа материалды пысықтау.	
Қосымша ақпарат		
Қорытындылау	Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз.Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.	
1.Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе? 2.Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?		
Қорытынды бағалау Ең жақсы өткен екі нәрсе? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді? 1. 2.		

Тақырыбы: Сабақ 12	Қатемен жұмыс	
Күні,айы:	Мұғалімнің аты-жөні:	
	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	<p>7.1.2.3 нөл және бүтін теріс көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу;</p> <p>7.1.2.4 бүтін көрсеткішті дәреженің санды мәнін анықтау және берілген сандарды дәреже түрінде көрсету;</p> <p>7.1.2.6 көрсеткіші нөлге тең дәреженің негізіндегі айнымалының мүмкін мәндерін табу;</p> <p>7.2.1.1 санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану;</p>	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: Өткен тақырыптар бойынша ережелер мен анықтамаларды пайдаланады оны есептер шығаруда кеңінекн пайдаланады	
	Оқушылардың басым бөлігі: . өз бетімен ойлау қабілетін арттыру және өз білімін тексеру, есте сақтау қабілетін жетілдіру;	
	Кейбір оқушылар: . Ережелер жайлы түсіктерін қалыптасыра отырып есептің өзекті түйінді жерлерін практикада қолданады .	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы(2-5 минут)	(МК)Оқушылардың сабаққа дайындығы.Сабақтың басталуына жағымды ықпал ететін көңіл күй қалыптастыру. Сабақ мақсатымен таныстыру. «Миға шабуыл»	
Сабақтың ортасы (6-40 минут)	(МК,Ұ) <i>I</i> 1. 30°; 45°; 60°; 90°-қа тең бұрыштармен сыбайлас бұрыштардың шамасын табындар. _____ _____ 2. Біреуі екіншісінен 2 есе үлкен болатын сыбайлас бұрыштарды табындар. _____ _____ 3. Егер сыбайлас бұрыштардың қатынасы 2:3 қатынасындай болса, осы сыбайлас бұрыштарды табындар. _____ _____	Оқулық Аудидиск: Қосымша тапсырма: 1 . №1 жұмыс дәптер

4. Егер бірінші бұрышпен сыбайлас екі бұрыштың қосындысы 100° -қа тең болса, онда бұл бұрыштың шамасы неше градус болады?

II

1. Екі түзу қиылысқанда пайда болатын бұрыштардың екеуінің қосындысы 50° -қа тең. Осы бұрыштарды табыңдар.

2. Екі түзу қиылысқанда пайда болатын бұрыштардың бірі екіншісінен екі есе үлкен. Осы бұрыштарды табыңдар.

3. Сыбайлас бұрыштардың биссектрисаларының арасындағы бұрыштарын табыңдар.

III

1. Егер екі түзу қиылысқанда пайда болатын бұрыштардың біреуі тік болса, онда қалған үш бұрыш та тік болатынын дәлелдендер.

Топтық жұмыс.

1. Егер сәуле бұрыш төбесінен басталып, оның қабырғаларымен тең сүйір бұрыш жасайтын болса, онда бұл сәуле осы бұрыштың биссектрисасы болатынын дәлелдендер.

№ 2

1) $1800 - 450 = 1350$

2) $1800 - 1200 = 600$

3) $1800 - 180 = 1620$

№ 79

Бер: $\sphericalangle 1 = 500$.

т/к: $\sphericalangle 2, \sphericalangle 3, \sphericalangle 4 = ?$

Шешуі: $\sphericalangle 1 = \sphericalangle 3 = 500$.

$\sphericalangle 2 = \sphericalangle 4 = 1800 - 500 = 1300$

№ 3

Сыбайлас бұрыштардың биссектрисалары арасындағы бұрыш 90° -қа тең болатынын дәлелдендер.

Бер: ABD, DBC - сыбайлас бұрыштар.

BE, BF – биссектрисалар.

Д/к: $\sphericalangle EBF = 90^\circ$

<p><i>Фармативті бағалау, бір-біріне түсіндіру және дұрыс нәтижеге бағыттау әдістері арқылы қосымша көмек көрсетемін. Деңгейлік тапсырмалар, сарамандық жұмыстар беру арқылы қаблетті оқушыларды дамытамын.</i></p>	<p><i>«Бармақ» әдісі бойынша, «Плюс-минус-қызықты» әдісі бойынша бағалау және критерий бойынша өзін-өзі бағалау немесе бірін-бірі бағалау.</i></p>	<p><i>Геометрия(сандарды кескіндеу), физика(өлшем бірліктер), латын тілі алфавиті (белгісіз сандарды белгілеу).</i></p>
<p>Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?</p> <p>Бүгін оқушылар не білді?</p> <p>Сыныптағы ахуал қандай болды?</p> <p>Мен жоспарлаған саралау шаралары сәтті болды ма?</p> <p>Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?</p> <p>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Өз сабағыңыз туралы рефлексияны төмендегі бос орынға жазыңыз.(Сол жақтағы бағанада келтірілген сұрақтардың арасынан Сіздің сабағыңызға сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.)</p>	
<p>Қорытынды бағамдау: Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім? 1. 2.</p>		

САБАҚ: Үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлер Сабақ 60		Мектеп:	
Күні:		Мұғалімнің есімі	
СЫНЫП: 7		Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	Үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлерге қатысты теоремаларды меңгерту		
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар:		
	<ul style="list-style-type: none"> Үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің теоремаларын меңгереді 		
	Оқушылардың басым бөлігі:		
	<ul style="list-style-type: none"> Үшбұрышқа қатысты шеңбер мен үшбұрыштар түрлерін ажыратады 		
Тілдік мақсат	Кейбір оқушылар:		
	<ul style="list-style-type: none"> Өзге фигуралармен салыстырады, тиімділігін анықтайды 		
	Оқушылар:		
	<ul style="list-style-type: none"> Үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлер туралы мәлімет алады, аударма жасайды 		
	Негізгі сөздер мен тіркестер:		
	Circle –шеңбеер, үшбұрыш- triangle, сызылған- strikethrough, іштей- internally		
	Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:		
	<i>Талқылауға арналған тармақтар:</i>		
	Үшбұрыш қандай фигура? Үшбұрыш ішінде немесе сыртында шеңберді қалай салуға болады?		
	<i>Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба?</i>		
Тамаша нүкте дегеніміз не? Үшбұрышқа іштей және сырттай шеңберді қалай салуға болады?			
<i>Жазылым бойынша ұсыныстар:</i>			
Сызбаларды талдау			
Алдыңғы тақырып	Үшбұрыштың тамаша нүктелері		
Жоспар			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)		Ресурстар
Басталуы	1. Топқа бөлу, жағымды ахуал қалыптастыру 2. Өткенді қайталау /сұрақтар/ БІнтымақтастық атмосферасын құру		Сұрақтар

	<p>Геометриялық фигуралар шеңбер мен үшбұрыштың түсіне байланысты топқа бөлу Фигураның артында топ оқушыларының міндеттері жазылған. Үй жұмысын тексеру №193, №194 Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы диалогқа түсіру. Слайдта берілген сұрақтарға жауап беру</p>	
Ортасы	<p>3. Сурет бойынша жұмыс 4. Дәлелдеу жұмысы /оқулықпен/ 5. Есептер шығару</p> <p>1 топ Шеңбер. Шеңбердің элементтері. 2 топ Шеңберлердің іштей және сырттай жанасулары. 3 топ Үшбұрышқа іштей сызылған шеңберлер. 4 топ Үшбұрышқа сырттай сызылған шеңберлер 5 топ Шеңбердің хордасы туралы теорема</p> <p>Үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің орталығы – үш орта перпендикулярдың қиылысу нүктесі және ол үшбұрыштың бірінші тамаша нүктесі болып табылады (<i>1 - сурет</i>).</p> <p>Үш орта перпендикулярдың бір нүктеде қиылысатынын дәлелдеу үшін келесі теорема қолданылады. <i>Теорема:</i></p> <p>Кесіндінің орта перпендикулярында жататын кез-келген нүкте берілген кесіндінің ұштарынан бірдей қашықтықта жатады. (<i>3 - сурет</i>)</p> <p>m — АВ кесіндісіне жүргізілген орта перпендикуляр, ал О нүктесі — осы кесіндінің ортасы болсын (<i>2- сурет</i>). m түзуінің бойынан кез-келген бірақ О нүктесінен басқа бір Р нүктесі алынсын. Р нүктесі мен АВ кесіндісінің ұштары қосылды. <i>Дәлелдеу керек:</i> $AP = BP$ <i>Дәлелдеуі:</i> APB үшбұрышын қарастырса, m түзуінде жатқан РО кесіндісі үшбұрыштың АВ табанына жүргізілген әрі медианасы, әрі биіктігі болып табылады. Осыдан, бұл үшбұрыш тең бүйірлі үшбұрыш және АВ — оның табаны. Демек, AP мен PB үшбұрыштың бүйір қабырғалары, және олар тең, яғни $AP = BP$. Дәлелденді. Теореманы тағы басқа жолмен де дәлелдеуге болады: OAP және OBP тікбұрыштары екі катеті бойынша тең ($OA = OB$, OP — ортақ катет). Сондықтан, $AP = BP$. Дәлелденді. (<i>3- сурет</i>) <i>Кері теорема:</i></p> <p>Кесіндінің ұштарынан бірдей қашықтықта жатқан әр нүкте кесіндіге жүргізілген орта перпендикулярдың бойында жатады. (<i>5 - сурет</i>)"</p> <p>AB кесіндісінің ұштарынан бірдей қашықтықта жататын кез-келген N нүктесін қарастырып, оның m түзуінде жататынын дәлелдеу керек (<i>4 - сурет</i>). <i>Дәлелдеу керек :</i> N нүктесі m түзуінде жатады.</p>	Суреттер

Дәлелдеуі: ANB үшбұрышы қарастырылады: $AN = NB$. Демек, ANB үшбұрышы тең бүйірлі үшбұрыш, сәйкесінше AB — оның табаны. Демек үшбұрыштың N төбесінен табанына жүргізілген NO — оның әрі биіктігі, әрі медианасы. Осыдан, NO — AB кесіндісінің орта перпендикулярлары, яғни m түзуінде жатады. Дәлелденді. (5 - сурет)"

Салдары:

Үшбұрыштың қабырғаларына жүргізілген орта перпендикулярлар бір нүктеде қиылысады. (7- сурет)

Дәлелдеуі: ABC үшбұрышы, m және n — орта перпендикуляр, және олар O нүктесінде қиылысады (6 - сурет). Жоғарыда дәлелденген теорема бойынша, $AO = OB$ және $OB = OC$. Бұдан, $AO = OC$. Демек, O нүктесі AC-ның орта перпендикулярында жатады, яғни, m, n және p орта перпендикулярлары бір нүктеде қиылысады. Дәлелденді (7 - сурет).

Үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің орталығы

Үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің орталығы - ішкі бұрыштардың үш биссектрисасының қиылысу нүктесі, және ол үшбұрыштың **екінші тамаша нүктесі** болып табылады. (8 сурет).

Үш биссектрисаның бір нүктеде қиылысатынын дәлелдеу үшін келесі теорема қолданылады.

Теорема:

Жазыңқы емес бұрыштың биссектрисасының бойындағы кез-келген нүкте оның қабырғаларынан бірдей қашықтықта жатады. (10- сурет)

ABC бұрышының B бұрышынан шыққан m биссектриса бойынан кез келген D нүктесі алынды (9- сурет). Осы нүктеден AB және AC қабырғаларына сәйкесінше DH және DN перпендикулярлары жүргізілді.

Дәлелдеу керек: $DH = DN$

Дәлелдеуі: $\triangle BHD$ және $\triangle BND$ тікбұрышты үшбұрыштары қарастырылады (9- сурет). Олар сүйір бұрышы және гипотенузасы бойынша тең (BD — ортақ қабырғалары, 1 және 2 бұрыштары тең, BHD және BND — тік бұрыштар). Бұдан, сәйкесінше олардың DH және DN катеттері де тең, яғни $DH = DN$. Дәлелденді (10- сурет).

Кері теорема:

Бұрыш қабырғаларынан бірдей қашықтықта және бұрыштың ішінде жататын әрбір нүкте осы бұрыштың биссектрисасында жатады. (12- сурет)

ABC бұрышының ішінен оның AB және BC қабырғаларынан тең қашықтықта жататын кез-келген D нүктесі алынды (11- сурет).

Дәлелдеу керек: BD түзуі ABC бұрышының биссектрисасы.

Дәлелдеуі: D нүктесінен AB және AC қабырғаларына сәйкесінше DH және DN перпендикулярлары жүргізілді.

	<p>Гипотенуза мен катет бойынша $\triangle BHD$ және $\triangle BND$ тікбұрышты үшбұрыштары тең (BD – ортақ гипотенуза, берілгені бойынша $DH = DN$, BHD және BND – тік бұрыштар). Бұдан, сәйкесінше олардың HBD және NBD бұрыштары тең, яғни BD — ABC бұрышының биссектрисасы. Дәлелденді (12- сурет).</p> <p><i>Салдары:</i></p> <p>Үшбұрыштың биссектрисалары бір нүктеде қиылысады. (14- сурет)</p> <p><i>Дәлелдеуі:</i> O нүктесі — AA_1 және BB_1 биссектрисаларының қиылысу нүктесі (13- сурет). O нүктесінен AB, BC, AC қабырғаларына сәйкесінше OK, OL, OM перпендикулярларын түсіреміз. Жоғарыда дәлелденген теорема бойынша, $OK = OM$, $OK = OL$. Сондықтан, $OM = OL$, яғни O нүктесі ACB бұрышының қабырғаларынан бірдей қашықтықта, бұдан O нүктесі осы бұрыштың CC_1 биссектрисасында жатады. Сондықтан да ABC үшбұрышының барлық үш биссектрисасы да бір O нүктесінде қиылысатыны дәлелденді (14- сурет)</p> <p style="text-align: center;"><i>I деңгей тапсырмалары</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шеңбер берілген. Осы шеңберге іштей сызылған үшбұрыш салыңдар. 2. Үшбұрыш берілген. Үшбұрыштың қабырғаларының орталары арқылы өтіп, оларға перпендикуляр болатын түзулерді сызыңдар. 3. Үшбұрышқа сырттай шеңбер сызыңдар. 4. Тікбұрышты үшбұрышқа іштей шеңбер сызыңдар және оның биссектрисаларын көрсетіндер. <p style="text-align: center;"><i>II деңгей тапсырмалары</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. ABC үшбұрышы берілген. A бұрышының биссектрисасының B және C бұрыштарының биссектрисаларымен қиылысу нүктелерін табыңдар. 2. Екі қабырғасы және сырттай сызылған шеңбердің радиусы бойынша үшбұрыш сызыңдар. <p style="text-align: center;"><i>III деңгей тапсырмалары</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үшбұрыштың биіктіктері бір нүктеде қиылысатынын дәлелдендер. 	
<p>Аяқталуы</p>	<ol style="list-style-type: none"> 6. Екі жұлдыз, бір тілек 7. Үйге тапсырма, бағалау <p>А) Шеңбердің анықтамасын және элементтерін ата.</p> <p>В) Қабырғалары бойынша түрлеріне қарай үшбұрыш сыз. Әр үшбұрышқа сырттай шеңбер сызып, берілгенін жаз</p> <p>С) Қабырғалары бойынша үшбұрыш сыз. Әр үшбұрышқа сырттай шеңбер сызып, берілгенін жазып, Венн диаграммасында салыстырыңдар.</p>	<p>Бағалау парақтары</p>

	Критерийлер	Дискрипторлар
1	Тапсырманың эстетикалық орындалуы;	Талапқа сай, толық
		Толық емес
		Эстетикалық орындалуы
2	Өз ойын толық жеткізе білуі;	Дәлелді жеткізеді
		Жартылай жеткізеді
		Жеткізе білмейді
3	Сызбаның дұрыс орындалуы;	Тиянақты
		Нашар

Қосымша ақпарат

Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс
<ul style="list-style-type: none"> «Ыстық орындық» ойыны 	<ul style="list-style-type: none"> Қалыптастырушы бағалау 	<ul style="list-style-type: none"> Сызу Жас ерекшелікті ескеру

Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.

Қорытынды бағамдау

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1:

2:

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?


1:

2:

Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?

Тақырыбы: 61-САБАҚ	Салу есептері	
Күні,айы:	Мұғалімнің аты-жөні:	
	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.1.2.16 берілген бұрышқа тең бұрыш салу, бұрыштың биссектрисасын салу, кесіндіні қақ бөлу; 7.1.2.17 кесіндінің орта перпендикулярын және берілген түзуге перпендикуляр түзу салу; 7.1.2.18 берілген элементтері бойынша үшбұрыш салу;;	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: Салу есептерін шешу кезеңдерін топпен талқылау арқылы меңгереді және білімдерін бекітеді, оны есептер шығаруда пайдаланады	
	Оқушылардың басым бөлігі: . Тапсырмалар ережесі ы пайдаланып, есептерге арналған тапсырмаларды орындайды. Логикалық ойлау қабілеттері артады. Пәнге деген қызығушылығы артады	
	Кейбір оқушылар: Оқушылар жаңа тақырып ұғымы жайлы толық түсінік алады, оны қолданып есептер шығаруға үйренеді.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы (2-5 минут)	(МК) Оқушылардың сабаққа дайындығы. Сабақтың басталуына жағымды ықпал ететін көңіл күй қалыптастыру. Сабақ мақсатымен таныстыру. Оқушылар тест шешіп, критерий арқылы топ жетекшісі топ мүшелерін бағалайды, топ жетекшісін топ мүшелерінің бірі бағалайды.	
Сабақтың ортасы (6-40 минут)	(МК, Ұ) Тақырыптарға қатысты материалдар бар суреттерін тақтаға іліп, талдау	Оқулық Аудиодиск: Қосымша №1 жұмыс дәптер
	2-слайд <ul style="list-style-type: none"> ▶ Бұл тақырыпты оқи отырып “геометриялық салу” ұғымы туралы түсінік аласыңдар; салу есептерін шығару үшін қолданылатын құралдардың қызметтері білетін боласыңдар; ойлау қабілетін дамытудағы салу есептерінің маңызын білесіңдер; қарапайым салу есептерін шығарып үйренесіңдер. 	
	3-слайд <p style="text-align: center;">Геометриялық салулар туралы түсінік</p> <ul style="list-style-type: none"> ▶ Геометрияның элементтерімен алғаш таныса бастағаннан бастап суреттер салу үшін арнайы құралдарды пайдалану керектігін білесіңдер. 	

- ▶ Мысалы, түзу, сәуле, кесінді сызу үшін сызғышты, ал шеңбер сызу үшін циркульді пайдаланамыз.




4-слайд

- ▶ Анықтама. *Геометриялық салу деп сызғыш пен циркульдің көмегімен қандай да бір геометриялық фигураны салуды айтады.*



5-слайд

- ▶ Салуға берілген және салынған фигуралар жазықтықтағы фигуралар болғандықтан, геометриялық салулар жазықтықта қарастырылады.



6-слайд

- ▶ Теория жүзінде геометриялық салулар еш қатесіз, нақты салынған болып есептеледі.
- ▶ Бірақ, іс жүзінде олай болмауы мүмкін.
- ▶ Ол пайдаланылған құралдарда жіберілген қателіктер мен салу кезіндегі кемшіліктерге байланысты болады.



7-слайд

- ▶ Анықтама. *Геометриялық салулар кейде есеп түрінде беріледі, ондай есептер салу есептері деп аталады.*

8-слайд

- ▶ Салу есептерінің шарты бойынша нақты бір фигуралар беріледі де, басқа нақты бір фигуралардың салынуы талап етіледі.
- ▶ Мысалы, “Үшбұрышқа сырттай сызылған шеңберді салыңдар” деген есептегі үшбұрыш – берілген фигура, ал сырттай сызылған шеңбер – ізделініп отырған, салынуға тиісті фигура.

9-слайд

- ▶ Салу есебінің шарттарын қанағаттандыратын фигура есептің шешімі болып табылады.
- ▶ Олай болса, геометриялық салу есебін шешу дегеніміз – сол есептің шарттарын қанағаттандыратын фигураны салу.

Интерактивті тақта арқылы көрсете отырып мысалдар түсіндіремін

1-мысал, Берілген бұрышқа тең бұрыш салу.

Берілген төбесі A нүктесі болатын св бұрышы.


Салу керек: св бұрышына тең EOD бұрышын

Салу үшін: $\omega(Ar)$ шеңбер жүргіземіз. Қиылысу нүктесі C D деп белгілейміз.

O нүктесінен бастап а сәулесін салып, $\omega(O:AB)$ шеңберін жүргіземіз. D нүктесіне $a \cap \omega(O:AB)$ жүргізейік.

$\omega(O:AB) \cap \omega(D:CB) = E$ сонда EOD бұрышы шықты.


Шынында да, үшбұрыштар теңдігінің 3-ші белгісі бойынша $AB = OD$, $AC = OE$, $BC = ED$ олай болса $\angle CAB$ бұрышы EOD бұрышына тең. (1-сурет.)



1-сурет

2- мысал. Берілген бұрыштың биссектрисасын салу.

Төбесі O болатын (ab) бұрышы берілсін. $\omega(O;r)$ шеңберін жүргіземіз, r – кез келген оң сан. $A = a \cap \omega(O;r)$ және $B = b \cap \omega(O;r)$ нүктелерін аламыз. Енді $\omega(A;r)$ және $\omega(B;r)$ шеңберлерін жүргізіп, олардың қиылысу нүктесін D арқылы белгілейміз. Онда AD сәулесі (ab) бұрышының биссектрисасы болады. 2-сурет.



2-сурет.

Сабақтың соңы(41-45мин)

«Ойлан бірік. бөліс»

Тақырыптың мағанасы мен идеясын талдау үшін әр топқа тапсырма беріледі, әр топ өз тапсырмасын орындаған соң екінші топқа ұсынады
Топтық жұмыс.

№1 есеп.

Есепті оқушылармен бірлесе отырып, тақтаға сызып көрсетем

№2 есеп. Шеңбер сызу.

Тақтаға оқушы шығарып, интерактивті тақтаға салғызамын.










№3 есеп. Ойын. Гүл құрастыру.

Осы гүлдей сыныбымыздың абыройын сақтап қалам десек 5 жапырақшадағы есептерді, не сұрақтарды дұрыс шешуіміз керек.


	<p>Қ)Сабақты қортындылау мақсатында мұғалім оқушылармен кері байланыс орнатады.Оқушылар сабақ барысында нені білгенін, қалай жұмыс істегенін ,не қызықты әрі жеңіл болғанын, не киындық туғызғаны туралы ой-пікірлерін білдіре алады.</p>	
<p>Қосымша ақпарат</p>		
<p>Қорытындылау</p>	<p>Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз.Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	
<p>1.Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе? 2.Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?</p>		
<p>Қорытынды бағалау Ең жақсы өткен екі нәрсе? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді? 1. 2.</p>		

Тақырыбы 62-63 САБАҚ	Салу есептері. Салу есептерін шешу кезеңдері.	
Күні, айы:	Мұғалімнің аты-жөні:	
	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасын а сәйкес оқу мақсаты	7.1.2.16 берілген бұрышқа тең бұрыш салу, бұрыштың биссектрисасын салу, кесіндіні қақ бөлу; 7.1.2.17 кесіндінің орта перпендикулярын және берілген түзуге перпендикуляр түзу салу; 7.1.2.18 берілген элементтері бойынша үшбұрыш салу;;	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: Циркуль, сызғыш және қарандашты қолдана отырып салу есептерін меңгереді, ету. Берілген элементтері бойынша үшбұрыштарды салуды үйренеді.; .	
	Оқушылардың басым бөлігі: Топта жұмыс істеу арқылы ізденеді, біледі, түсінеді және мәтінмен жұмыс істеу арқылы пәнге қызығушылығы артады	
	Кейбір оқушылар: оқушылар екі өрнектің квадраттарының айырымының формуласын біледі, қарапайым өрнектерді ықшамдай алады	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы(2-5 минут)	(МК) Оқушылардың құрал-жабдығының толық болуына назар аудару зейінін бір ортаға тоғыстыру. Психологиялық тренинг: «Келдім, көрдім, жеңдім» тренингі. Әр топтан 2 адамнан шығады. Мұғалім не затты айтса, соны тауып әкеледі. Мысалы: қалам, өшіргіш, скотч. Кеш келген оқушы орнына отырады. Соңғы оқушы жеңеді. Сұрақ жауап ? Тест 1. Геометриялық фигура. А. Жылдамдық. В. Нүкте. С. Зат 2. Нүктені сызбада көрсету үшін. А. Латыннің бас әрпі.. В. Гректің бас әрпі.. С. Ағылшынның бас әрпі. 3. Түзудің белгіленуі. А. Латыннің кіші әрпімен. В. Гректің бас әрпімен. С. а; в; екі әріппен.	


	<p>4. Сызбада түзуді көрсету үшін қолданатынымыз. А. Карандаш. В. Сызғыш. С. Циркуль.</p> <p>5. Ақиқаттығы дәлелдеусіз қолданылатын сөйлем. А. Дәлелдеу. В. Аксиома. С. Ереже.</p> <p>6. Түзу мен сәуле ұғымдары. А. Бір ұғым. В. Жеке ұғым. С. Геометриялық фигураларға жатпайды.</p> <p>7. Бұрыш түрлері нешеу? А. 4. В. 5. С. 6.</p> <p>8. Үшбұрыш теңдігінің қасиеті нешеу? А. 2. В. 3. С. 4.</p> <p>9. Циркульдің көмегімен орындалатын фигура. А. Шеңбер. В. Хорда. С. Кесінді.</p> <p>10. Сызғыш көмегімен орындалатын фигура А. Шеңбер. В. Хорда. С. Кесінді.</p>	
--	---	--

<p>Сабақтың ортасы (6-40 минут)</p>	<p>(МК,Ұ) Әр топ өздері отырған столдағы тапсырмаларды бірлесе отырып орындайды.</p> <p>1. Үшбұрышқа тең үшбұрыш салу</p> <table border="1" data-bbox="312 1012 1323 2047"> <thead> <tr> <th data-bbox="312 1012 601 1093">Алгоритм</th> <th data-bbox="601 1012 1323 1093">Алгоритм бойынша салу үлгісі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="312 1093 601 1310"> <p>ABC үшбұрышына тең үшбұрыш салу керек болсын</p> </td> <td data-bbox="601 1093 1323 1310">  </td> </tr> <tr> <td data-bbox="312 1310 601 1641"> <p>1. Жаңа үшбұрыштың бір төбесі болатын Р нүктесін белгілейміз.</p> </td> <td data-bbox="601 1310 1323 1641">  </td> </tr> <tr> <td data-bbox="312 1641 601 2047"> <p>2. Циркульдің ашасын берілген ABC үшбұрышының бір қабырғасына тең етіп алайық. Мысалы, суретте AC қабырғасы көрсетілген.</p> </td> <td data-bbox="601 1641 1323 2047">  </td> </tr> </tbody> </table>	Алгоритм	Алгоритм бойынша салу үлгісі	<p>ABC үшбұрышына тең үшбұрыш салу керек болсын</p>		<p>1. Жаңа үшбұрыштың бір төбесі болатын Р нүктесін белгілейміз.</p>		<p>2. Циркульдің ашасын берілген ABC үшбұрышының бір қабырғасына тең етіп алайық. Мысалы, суретте AC қабырғасы көрсетілген.</p>		<p>Оқулық</p> <p>Аудиодиск:</p> <p>№1 Жұмыс дәптері</p>
Алгоритм	Алгоритм бойынша салу үлгісі									
<p>ABC үшбұрышына тең үшбұрыш салу керек болсын</p>										
<p>1. Жаңа үшбұрыштың бір төбесі болатын Р нүктесін белгілейміз.</p>										
<p>2. Циркульдің ашасын берілген ABC үшбұрышының бір қабырғасына тең етіп алайық. Мысалы, суретте AC қабырғасы көрсетілген.</p>										

3. Циркульдың ашасын өзгертпей Р нүктесінен доға сызамыз.




4. Доғаның бойынан R нүктесін белгілейміз. Бұл AC қабырғасына тең жаңа үшбұрыштың PR қабырғасы болады.



P.




5. Циркульдың көмегімен AB қабырғасын өлшейміз.



P.




6. R нүктесін центр етіп алып доға жүргіземіз. Бірақ жаңа үшбұрыштың келесі төбесі доғаның қай жерінде орналасатынын біз білмейміз.



P.




7. Циркульдың көмегімен BC қабырғасын өлшейміз.




P.




8. R нүктесін центр етіп алып циркульдың ашасын өзгертпей доға сызамыз, алдыңғы доғамен қиылысқан нүктені Q деп белгілейміз



9. Соңында PQ, PR, және QR кесінділерін қосамыз.



10. Салынған PQR үшбұрышы берілген ABC үшбұрышына тең үшбұрыш.




Дәлелдеу


	Аргумент	Негіздеме	
1	PR кесіндісі AC –ға тең	Себебі, PR және AC кесінділері ашалары өзгертілмей бір циркульдың көмегімен салынды.	
2	RQ кесіндісі CB-ға тең	RQ және CB кесінділері ашалары өзгертілмей бір циркульдың көмегімен салынды	
3	PQ кесіндісі AB-ға тең	PQ және AB кесінділері ашалары өзгертілмей бір циркульдың көмегімен салынды	
4	ABC, PQR үшбұрыштары тең	Үшбұрыштар теңдігінің белгісі бойынша	


Өзіндік жұмыс

Циркуль мен сызғыштың көмегімен төмендегі үшбұрышқа тең үшбұрыш салу

1. Төмендегі үшбұрышқа тең үшбұрыш салыңыз:





2. Төмендегі үшбұрыштың сол жағына оған тең үшбұрыш салыңыз және төменге мынадай түрде  тағы бір оған тең үшбұрыш салыңыз. Салынған үшбұрыштар берілген үшбұрышқа тең бе? Жауабыңызды негіздеңіз.




2. Табаны және бір қабырғасы бойынша теңбүйірлі үшбұрыш салу

Талдау: Табаны мен бір қабырғасы бойынша циркуль мен сызғышты пайдаланып теңбүйірлі үшбұрышты қалай салуға болады? Алдымен табанына тең кесінді салу арқылы екі төбесін саламыз, содан соң теңбүйірлі үшбұрыштың екі қабырғасы тең болатынын ескеріп үшінші төбесін салуға болады

Алгоритм	Алгоритм бойынша салу үлгісі
Берілген теңбүйірлі үшбұрыштың AB бір қабырғасы және CD табаны берілген болсын.	
1. Жаңа үшбұрыштың бір төбесі болатын P нүктесін белгілейміз.	

2. Циркульдың ұшын C нүктесіне қойып ашасын CD-ға тең етіп аламыз



3. Р нүктесінен доға жүргіземіз.




4. Доғаның бойынан R нүктесін белгілейміз. Ол жаңа үшбұрыштың екінші төбесі болады.



5. PR кесіндісін сызамыз.



6. Циркульдың ұшын B нүктесіне қойып, ашасын AB-ға тең етіп аламыз.



7. Циркульдың ашасын өзгертпей центрі Р нүктесінде және центрі Q нүктесінде болатындай екі доға жүргіземіз.



8. PQ және RQ кесінділерін саламыз.




9. PQR -ізделінді үшбұрыш.



Өзіндік жұмыс

1. Табаны FG, ал бір қабырғасы AB-ға тең үшбұрыш салыңыз.




2 (a)

Табандары ортақ CD болатын ал қабырғалары AB-ға тең суретте көрсетілгендей үшбұрыш салыңыз.

(b) Егер салынған үшбұрышта бүйір қабырғасының табанына қатынасы $1 : \sqrt{2}$ болса, салынған фигураның барлық бұрышының градусдық өлшемі қандай болады?

(c) Транспортир арқылы көз жеткізіңіз, себебін түсіндіріңіз



<p>Сабақтың соңы(41-45мин)</p>	<p>Әр топқа арналған салу есептері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Түзу горизантал орналасқан. Тысқары берілген К нүктесінен перпендикуляр жүргізу. 2. Түзу вертикаль орналасқан. Тысқары берілген К нүктесінен перпендикуляр жүргізу. 3. Түзу қиғаш орналасқан. Тысқары берілген К нүктесінен перпендикуляр жүргізу. 4. Түзу горизантал орналасқан. Түзу бойындағы К нүктесіне перпендикуляр жүргізу. 5. Түзу вертикаль орналасқан. Түзу бойындағы К нүктесіне перпендикуляр жүргізу. 6. Түзу қиғаш орналасқан. Түзу бойындағы К нүктесіне перпендикуляр жүргізу. <p style="text-align: center;">I</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. А және В нүктелері берілген. АВ кесіндісін, АВ сәулесін, АВ түзуін салыңдар. 2. а және b түзулерінің қиылысу нүктелерін тауып, белгілеңдер. 3. Центрі О нүктесінде радиусы r болатын шеңбер берілген. О нүктесі арқылы өтетін түзу мен шеңбердің қиылысу нүктелерін салыңдар. 4. а мен b кесінділері берілген. Түзу бойына осы кесінділердің қосындысын, осы кесінділердің айырымын салыңдар. ($a > b$ деп алыңдар) <p style="text-align: center;">II</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Түзу бойынан $AB=a$, $BC=b$ ($a > b$) кесінділері берілген. (А; а) және (В; b) шеңберлерінің қиылысу нүктелерін салыңдар. 2. АВ кесіндісі берілген. А мен В нүктелерінен бірдей қашықтықтағы нүктелердің геометриялық орнын анықтаңдар және салыңдар. <p style="text-align: center;">III</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. О нүктесі мен а кесіндісі берілген. О нүктесінен а қашықтықтағы нүктелердің орны қандай геометриялық фигура 	
Қосымша ақпарат		
Қорытындылау	Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз.Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.	
1.Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе?		

2.Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?

Қорытынды бағалау

Ең жақсы өткен екі нәрсе?

- 1.
- 2.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?


- 1.
- 2.

Тақырыбы: сабақ 64	№4 бақылау жұмысы	
Күні, айы:	Мұғалімнің аты-жөні:	
	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	<p>7.1.2.16 берілген бұрышқа тең бұрыш салу, бұрыштың биссектрисасын салу, кесіндіні қақ бөлу;</p> <p>7.1.2.17 кесіндінің орта перпендикулярын және берілген түзуге перпендикуляр түзу салу;</p> <p>7.1.2.18 берілген элементтері бойынша үшбұрыш салу;;</p>	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар:	
	Оқушылардың басым бөлігі:	
	Кейбір оқушылар: Есеп шығаруда қолдана алады Өзара топта бірлесіп жұмыс жасай алатын болады	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы(2-5 минут)	(МК) Топ номерлері жазылған боялған асықтарды таңдау арқылы бір - бірінің ең жақсы қасиетін айту Топқа бөлу, көтеріңкі көңіл сыйлау. Ынтымақтастық атмосферасын құру. Топ мүшелерін «Көшбасшы», «хатшы», « баяндамашы», «уақыт сақшысы», «бақылаушы» ролдерін тағайындату	
Сабақтың ортасы (6-40 минут)	(МК,Ұ)	Оқулық №1 жұмыс дәптері Қосымша тапсырма:1. 7

Сабақтың соңы(41-45мин)	Жаңа материалды пысықтау.	
Қосымша ақпарат		
Қорытындылау	Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз.Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.	
1.Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе? 2.Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?		
Қорытынды бағалау Ең жақсы өткен екі нәрсе? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді? 1. 2.		

Тақырыбы: 65-САБАҚ	Қатемен жұмыс Есептер шығару	
Күні, айы:	Мұғалімнің аты-жөні:	
	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.1.2.16 берілген бұрышқа тең бұрыш салу, бұрыштың биссектрисасын салу, кесіндіні қақ бөлу; 7.1.2.17 кесіндінің орта перпендикулярын және берілген түзуге перпендикуляр түзу салу; 7.1.2.18 берілген элементтері бойынша үшбұрыш салу;;	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: Анықтамаларды пайдалана отырып есептерді шешу арқылы тақырыпты өз бетерінше игереді	
	Оқушылардың басым бөлігі: Тақырыпты меңгере отырып есептерді дұрыс шешуге қалыптасады	
	Кейбір оқушылар: Оқушылар тақырыптың мағанасын біледі, түсінеді, өз ойларын дәлелдеуге, топпен жұмыс істеуде пайдаланады	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы(2-5 минут)	(МК) Үйге қандай тапсырма берілді 1) Үйге берілген есептерді тексеру; 2) Өткен материалды қайталау сұрақтары: = 1.	
Сабақтың ортасы (6-40 минут)	(МК, Ұ) Оқулықпен жұмыс. Жигсо әдісі бойынша тақырыптарды қайталау 1 топ Сүйір үшбұрыштың биссектрисасын салу. 2 топ Қабырғалары бойынша екі үшбұрыш салып теңдігін дәлелдеу 3 топ Кесіндіні қақ бөлу. Өткен тақырыпты толық меңгеріп жаңа тақырыпқа қадам Жигсо әдісі пайдалану Карточка № 1 Қабырғалары бойынша үшбұрыш салу .Карточка № 2 Берілген үшбұрышқа тең үшбұрыш салу. Карточка № 3 Тік бұрышты үшбұрыштың биссектрисасын салу.	Оқулық Аудиодиск: 1.4.1; 1.4.4; №1 Жұмыс дәптері

Түзу және бойындағы нүктеден өтетін перпендикуляр түзу салу.



I жағдай. Берілгені a түзуі
 N түзу бойындағы нүкте
 Түзу бойынан $NA = NB$ кесіндісін салайық
 Радусы $r > AN$ болатын
 $\omega_1(A; r), \omega_2(B; r)$
 B екі доға жүргізейік.

өзгертпейміз, центрі A ;

Доғалардың қиылысу нүктелерін $P; Q$ деп
 белгілейік P нүктесі мен Q
 нүктесін

бастыра b түзуін жүргізсек

N нүктесі

арқылы өтеді. $\triangle PAB$ – тең


бүйірлі

PN – биіктік, медиана $PN \perp a$


$b \perp a$

Q

II жағдай. a түзуден тысқары A нүктесінен b түзуін жүргізейік A
 центрінен $\omega_1(E; r), \omega_2(F; r)$ екі доға жүргізейік. Циркуль ашасын
 өзгертпейміз, центрі $E; F$ нүктелерін алып доғалар
 нүктелерінің қиылысу нүктелерін b деп белгілейік A мен B
 нүктелерін бастыра b түзуін жүргізсек түзуді O нүктесінде қиып
 өтеді. $AB \perp a$ яғни $a \perp b$ b ізделінген түзу.






b

<p>Сабақтың соңы(41-45мин)</p>	<p>(К) Әр топқа тапсырма тартау арқылы тараудан не біліп не үйренгендерін қағаз бетіне түсіреді, постер арқылы қорғайды және топ арқылы есептер шығарады</p> <p>▶ ABC тікбұрышты үшбұрыш ($\angle C=90^\circ$), $\angle A=33^\circ$, CH-биіктік, CO-ACB бұрышының биссектрисасы. $\angle HCO$ бұрышын табындар.</p>  <p>Шешімі:</p> <p>▶ $\angle B=180-33-90=57^\circ$ $\angle HCB=180-90-57=33^\circ$ $\angle OCB=45^\circ$ $\angle HCO=\angle OCB-\angle HCB$ $\angle HCO=45-33=12^\circ$ $\angle HCO=12^\circ$</p> <p>▶ Үшбұрыштың екі қабырғасының қосындысы 72 дм, үшінші қабырғасы бұл қосындыдан 18 дм кем. Үшбұрыштың периметрін табындар.</p> <p>Шешімі:</p> <p>▶ $P=a+b+c$ $a+b=72\text{дм}$ $c=a+b-18\text{дм}=72-18=54\text{дм}$ $P=a+b+c=72+54=126\text{дм}$</p>	
Қосымша ақпарат		
Қорытындылау	Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз.Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.	
<p>1.Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе?</p> <p>2.Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?</p>		
<p>Қорытынды бағалау</p> <p>Ең жақсы өткен екі нәрсе?</p> <p>1.</p> <p>2.</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?</p> <p>1.</p> <p>2.</p>		

Тақырыбы: сабақ 66	№5 бақылау жұмысы	
Күні, айы:	Мұғалімнің аты-жөні:	
	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	<p>7.1.2.16 берілген бұрышқа тең бұрыш салу, бұрыштың биссектрисасын салу, кесіндіні қақ бөлу;</p> <p>7.1.2.17 кесіндінің орта перпендикулярын және берілген түзуге перпендикуляр түзу салу;</p> <p>7.1.2.18 берілген элементтері бойынша үшбұрыш салу;;</p>	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар:	
	Оқушылардың басым бөлігі:	
	Кейбір оқушылар: Есеп шығаруда қолдана алады Өзара топта бірлесіп жұмыс жасай алатын болады	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы (2-5 минут)	(МК) Топ номерлері жазылған боялған асықтарды таңдау арқылы бір - бірінің ең жақсы қасиетін айту Топқа бөлу, көтеріңкі көңіл сыйлау. Ынтымақтастық атмосферасын құру. Топ мүшелерін «Көшбасшы», «хатшы», «баяндамашы», «уақыт сақшысы», «бақылаушы» ролдерін тағайындату	
Сабақтың ортасы (6-40 минут)	(МК, Ұ)	<p>Оқулық</p> <p>№1 жұмыс дәптері</p> <p>Қосымша тапсырма: 1. 7</p>

Сабақтың соңы(41-45мин)	Жаңа материалды пысықтау.	
Қосымша ақпарат		
Қорытындылау	Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз.Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.	
1.Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе? 2.Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?		
Қорытынды бағалау Ең жақсы өткен екі нәрсе? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді? 1. 2.		

Тақырыбы: 67 САБАҚ	Есеп шығару	
Күні,айы:	Мұғалімнің аты-жөні:	
	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.1.2.14 тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану; 7.2.1.14 алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктеу; 7.2.1.15 қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау ;	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: тақырып бойынша алған білімін жинап, бір жүйеге келтіру; қысқаша көбейту формулалары бойынша білімдерін тексеру	
	Оқушылардың басым бөлігі: Тақырыпты түсініп оқуына орай ойын толық жеткізуге ,ауыз-екі сөйлеуге, тілдік қорлары дамыйды	
	Кейбір оқушылар: Топпен жұмыс істеу арқылы өзгелерді тыңдай білуге , тиянақтылыққа, ұқыптылыққа үйренеді	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезендері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы(2-5 минут)	(МК) .Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқушылармен пікір алмасу (сөйлесу Оқушылармен амандасу.Сыныпты түгендеу. Сабаққа дайындау, оқу құралдарын алу. <u>Сұрақтары:</u> 6. бір түзудің бойында жатпайтын үш нүктеден тұратын фигура? (үшбұрыш) 7. екі қабырғасы тең үшбұрыш? (тең бүйірлі) 8. барлық қабырғалары тең үшбұрыш ? (теңқабырғалы) 9. бұрышты қақ бөлетін сәуле? (биссектриса) 10. үшбұрыштың төбесін қарсы жатқан қабырғаның ортасымен қосатын кесінді? (медиана) 7. бұрышты өлшейтін құрал? (транспортир)	

	<p>▶ Суретте:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Барлығы неше сәуле бар? 2. D нүктесінің бір жағында қандай нүктелер орналасқын? Арғы жағында ше? 3. D нүктесі қандай нүктелердің арасында жатыр?  <p>▶ Шешімі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ▶ 8 сәуле бар. Олар: Ca, CA, AC, AD, DA, DB, BD, Ba ▶ Оң жағында B нүктесі, сол жағында C және a нүктелері <p>D нүктесі A мен B нүктелерінің арасында жатыр</p>	
<p>Сабақтың ортасы (6-40 минут)</p>	<p>(МК,Ұ) Оқулықпен жұмыс жүргізу.</p> <p style="text-align: center;">I деңгей тапсырмалары</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. ABC және DEF үшбұрыштары тең: DE=2 см, EF= 3 см, DF= 5 см,. ABC үшбұрышының қабырғаларын табыңдар. 2. ABC және EDK үшбұрыштары тең. $\angle B=60^{\circ}$, $\angle C=90^{\circ}$. EDK үшбұрышының бұрыштарын табыңдар. 3. ABC және MDK үшбұрыштары тең. AB=3 см, BC= 4 см, AC= 5 см. MDK үшбұрыштарының қабырғаларын табыңдар. 4. Екі түзу қиылысқандағы екі бұрыштың қосындысы 114°. Қалған бұрыштарын табыңдар. <p style="text-align: center;">II деңгей тапсырмалары</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сыбайлас бұрыштардың бірі тік бұрыш, екінші бұрыш қандай болады? 2. Сыбайлас екі бұрыштың биссектриссалары жасайтын бұрышты табыңыздар. 3. AB және CD кесінділері әрқайсысының ортасы болатын O нүктесінде қиылысады. Егер AC 10см болса, онда BD – ны тап. <p style="text-align: center;">III деңгей тапсырмалары</p> <p>Бір нүктеден шеңберге екіден көп жанама жүргізуге болмайтынын дәлелдендер</p> <p style="text-align: center;">Топтық жұмыс</p> <p>№1</p> <p>Суреттен ($AB = BC$; $\angle B=80^{\circ}$; $\angle BAD = \angle DAC$). $\angle BAD$ бұрышын табыңдар.</p> <p>Шешімі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ▶ $\angle A + \angle B + \angle C = 180^{\circ} \Rightarrow$ ▶ $\angle A = \angle C = 1/2 (180^{\circ} - \angle B) = 50^{\circ}$ <p>$\angle BAD = 1/2 \angle A = 25$</p>  <p>№2</p> <p>Үшбұрыштың бір бұрышы екіншісінен 45° кіші, ал үшіншісінен 15° артық. Үшбұрыштың бұрыштарын табыңдар.</p> <p>Шешімі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ▶ $\angle 1 + 45 = \angle 2$ ▶ $\angle 1 - 15 = \angle 3$ ▶ $\angle 1 + \angle 2 + \angle 3 = 180$ ▶ Осы теңдеулерден: $2 * \angle 1 + 30 = \angle 2 + \angle 3$; ▶ $\angle 2 + \angle 3 = 180 - \angle 1$ ▶ $180 - \angle 1 = 2 * \angle 1 + 30$ $3 * \angle 1 = 150$ $\angle 1 = 50^{\circ}$ 	<p>Оқулық Аудиодиск: 1</p> <p>№1 Жұмыс дәптері</p>

	<p>▶ $\angle 2 = \angle 1 + 45 = 50 + 45 = 95$ $\angle 2 = 95^\circ$ $\angle 3 = 35^\circ$</p>	
Сабақтың соңы(41-45мин)	<p>(К) Топтық жұмыс</p> <p style="text-align: center;">I</p> <p>1. Тең бүйірлі үшбұрыштың табанындағы сыртқы бұрышының шамасы 140°. үшбұрыштың барлық бұрыштарын табыңыз. 2. ABC үшбұрышында $\angle A = \angle B = 70^\circ$. C төбесіндегі сыртқы бұрышты табыңыз. 3. AB кесіндісі 3,5 см, AC кесіндісі 7,5 дм, BC-ның ұзындығын тап. 4. Түзу бойынан A және B нүктелерін орналастырыңдар. Av кесіндісінен C нүктесін белгілеңдер, AB, BC, CA, AC және BA сәулелерінің арасынан беттесетін сәулелерді табыңдар.</p> <p style="text-align: center;">II</p> <p>1. ABC үшбұрышында AC және BC қабырғалары тең. B төбесіндегі сыртқы бұрыш 130°-қа тең. ABC үшбұрышының бұрыштарын табыңыз. 2. Үшбұрыштың бұрыштары 3:7:8 сандарына пропорционал. Үшбұрыштың ең үлкен бұрышын анықтаңыз. 3. Тең бүйірлі үшбұрыштың табанындағы сыртқы бұрыштың шамасы 112°. үшбұрыштың барлық бұрыштарын анықтаңыз.</p> <p style="text-align: center;">III</p> <p>1. Ұзындығы радиусқа тең хорданың ұштарынан жүргізілген жанамалар қандай бұрышпен қиылысады? 2. Шеңбер мен түзу екіден көп нүктеде қиылысуы мүмкін бе?</p>	
Қосымша ақпарат		
Қорытындылау	Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз.Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.	
1.Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе? 2.Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?		
<p>Қорытынды бағалау Ең жақсы өткен екі нәрсе? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта еді?</p>		

1.

2.

Тақырыбы: 68-САБАҚ	Қайталау Есептер шығару	
Күні, айы:	Мұғалімнің аты-жөні:	
	Сабаққа қатысқан оқушылар саны:	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.2.1.19 алгебралық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 7.2.1.20 алгебралық бөлшектерді көбейту және бөлуді, дәрежеге шығаруды орындау;	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: Оқушылар ойларын жүйелі жеткізе біледі, ойлау қабілетін жетілдіреді, топпен жұмыс істеуге үйренеді	
	Оқушылардың басым бөлігі: Тақырыпты түсініп оқуына орай ойын толық жеткізуге, ауыз-екі сөйлеуге, тілдік қорлары дамыды	
	Кейбір оқушылар: Өткен тақырыптарды меңере отырып өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланады	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы(2-5 минут)	<p>(МК) .Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқушылармен пікір алмасу (сөйлесу Оқушылармен амандасу. Сыныпты түгендеу. Сабаққа дайындау, оқу құралдарын алу.</p> <p>Үй тапсырмасын сұрау арқылы сұрақ-жауап Миға шабуыл</p> <p>Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы сұрау арқылы оқушыларды диалогқа түсіру</p> <p>Слайдта берілген сұрақтарға жауап беру, топпен тапсырманы орындау</p> <p>Сұрақ жауап:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үшбұрыш дегеніміз не? Ж: Бір түзудің бойында жатпайтын үш нүктені кесінділермен қосқанда шығатын геометриялық фигураны үшбұрыш деп атаймыз. 2. Қабырғалары бойынша үшбұрыштар неше түрге бөлінеді? Үшбұрыштарды ата. Ж: үш түрге бөлінеді. Тең қабырғалы, тең бүйірлі, әр түрлі қабырғалы үшбұрыш. 3. Бұрыштары бойынша үшбұрыштар неше түрге бөлінеді? Үшбұрыштарды ата. Ж: үш түрге бөлінеді. Сүйір бұрышты, доғал бұрышты, тік бұрышты үшбұрыш. 4. Үшбұрыштың үлкен қабырғасына қарсы үлкен бұрышы жатады. 5. Үшбұрыштың үлкен бұрышына қарсы үлкен қабырғасы жатады. 6. Егер үшбұрыштың екі бұрышы тең болса, онда үшбұрыш теңбүйірлі деп аталады. 	

	<p>7. Үшбұрыштың сыртқы бұрышы деген не? Ж: <i>Үшбұрыштың сырт-қы бұрышы үшбұрыштың төбесіндегі бұрышпен сыбайлас бұрыш-ты айтады</i></p>	
<p>Сабақтың ортасы (6-40 минут)</p>	<p>(МК,Ұ) Постермен жұмыс Өз ойларын ортаға салады сабақты талдайды Топтарға жаңа тақырып бойынша толық меңгерту мақсатында өз пікірлерін сурет арқылы қорғайды, ол үшін конвертке салынған сұрақтар таратылады</p> <p>1 топ Тұзу Кесінді 2 топ Үшбұрыш 3 топ Шеңбер Есептер шығару топ бойынша</p> <p style="text-align: center;">I</p> <p>1. Үшбұрыштың бұрыштары 7:5:6 сандарына пропорционал. Үшбұрыштың ең кіші бұрышын анықтаңыз.</p> <p>2. Үшбұрыштың әрбір төбесінде неше сыртқы бұрыш болады.</p> <p>3. Үшбұрыштың сыртқы бұрыштарының бірі 95°. онымен сыбайлас емес екі ішкі бұрышының қосындысын табындар.</p> <p>4. ABC үшбұрышында $\angle C = 35^{\circ}$. B төбесіндегі сыртқы бұрышы 72°. Үшбұрыштың барлық ішкі бұрыштарын табындар.</p> <p>5. Үшбұрыштың сыртқы екі бұрышы 100°-қа және 150°-қа тең. Үшінші сыртқы бұрышын табындар.</p> <p style="text-align: center;">II</p> <p>1. ABC, PQR және XYZ үшбұрыштары тең және $AB=5\text{см}$, $QR=6\text{см}$, $XZ=7\text{см}$ болса, онда әрбәр үшбұрыштың белгісіз қабырғаларын табындар.</p> <p>2. Егер QPT үшбұрышының екі тең емес бұрышы бар болса, онда ABC үшбұрышының барлық бұрыштары тең болуы мүмкін бе?</p> <p>3. $\triangle FBC = \triangle SKT$ және $AB=17\text{дм}$, $\angle K=70^{\circ}$. B бұрышы мен SK қабырғасын табындар.</p> <p style="text-align: center;">III</p> <p>1. Қабырғалары $6\sqrt{3}$, 6 және 12 болып келетін үшбұрыштың екі бұрышы қандай?</p> <p>2. ABD және ADC үшбұрыштарында $AB=AC$, $BD=DC$, $\angle BAC = 60^{\circ}$. DAC бұрышын табыңыз.</p> <p style="text-align: center;">I деңгей тапсырмалары</p> <p>1. Қабырғалары 1) 7,5см, 6см, 4,5см; 2) 8,1см, 7,9см, 12см болатын үшбұрыштардың периметрлерін табындар.</p>	<p>Оқулық Аудиодиск: №1 Жұмыс дәптері</p>

2. а түзуін сызып, оның бойына К, L, М нүктелерін белгілеңдер. Осы нүктелер арқылы түзуді белгілеп жазыңдар.


3. $\angle AOB=20^\circ$; $\angle BOC=50^\circ$ болса, АОС бұрышын табыңдар. Қай сәуле қандай сәулелердің арасында жатыр?

4. Берілген екі бұрыш бойынша үшбұрыштың үшінші бұрышын табыңдар:

1) $30^\circ, 50^\circ$ 2) $60^\circ, 40^\circ$

5. Екі параллель түзуді үшінші түзумен қиғанда пайда болған бұрыштардың бірі 65° -қа тең. Қалған бұрыштарын табыңдар?

6. Әр үшбұрыштың сүйір, не доғал не тікбұрышты үшбұрыш екенін анықта;



7. Үшбұрыштың екі төбесіндегі сыртқы бұрыштары 110° және 160° . Үшбұрыштың барлық бұрыштарын табыңдар.


8. Қабырғалары 1) 7,5см, 6см, 4,5см; 2) 8,1см, 7,9см, 12см болатын үшбұрыштардың периметрлерін табыңдар.

II деңгей тапсырмалары

1. Теңбүйірлі үшбұрыштың екі бұрышының айырымы 24° . Оның бұрыштарын табыңдар.

2. Үшбұрыштың В төбесіндегі сыртқы бұрышы А төбесіндегі ішкі бұрышынан 3 есе, ал С ішкі бұрышынан 40° артық. Үшбұрыштың барлық бұрыштарын табыңдар.

3. $m \parallel n$, $x - y = 46^\circ$ болса $x = ?$




III деңгей тапсырмалары

1. Төбелері ортақ, сәйкес қабырғалары перпендикуляр екі бұрыш берілген. Олардың бірі екіншісінен 4 есе кем. Осы бұрыштарды табыңдар

2. Сыбайлас бұрыштардың биссектриссалары арасындағы бұрыш 90° -қа тең болатынын дәлелдендер.

Сабақтың соңы (41-45мин)

(К) Топтық жұмыс
• «Геометрия сөзіне кластер толтыру. Жұптық жұмыс.



I топ

1. Тең бүйірлі үшбұрыштың табаны бүйір қабырғасынан 1 см артық, бірақ бүйір қабырғаларының қосындысынан 4 см кем. Үшбұрыштың қабырғаларын табыңдар.
2. Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының бірі 30° -қа тең, ал сыртқы бұрыштарының бірі 40° -қа тең. Үшбұрыштың қалған бұрыштарын табыңдар.
3. ABC үшбұрышының A және B төбелеріндегі сыртқы бұрыштардың қосындысы (әрбір төбеден бір-бірден алынған) қосындысы 240° -қа тең. Үшбұрыштың C бұрышын табыңдар.
4. Үшбұрыштың сыртқы бұрышы 112° -қа тең. Осы бұрышпен сыбайлас емес екі ішкі бұрышының бірі екіншісінен 38° -қа артық. Үшбұрыштың ішкі бұрыштарын табыңдар.
5. Тең қабырғалы үшбұрыштың ішкі және сыртқы бұрышын табыңдар.

II топ

1. Қабырғалары 5, 12, 13 болып келетін үшбұрыштың ең үлкен бұрышы қандай?
2. MNK үшбұрышында NK=18 см, ал N бұрышының сыртқы бұрышы 150° тең. MN-ге жүргізілген биіктікті табыңыз.
3. Үшбұрыштың екі сыртқы бұрышы 100° және 150° . Үшбұрыштың үшінші сыртқы бұрышын табыңыз.

III топ

1. Егер ABC және CBD бұрыштарының биссектриссалары өзара перпендикуляр болма, онда A, B, D нүктелері бір түзу бойында жататынын дәлелдеңдер.

Қосымша ақпарат

Қорытындылау

Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз. Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.

1.Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе?
2.Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?

Қорытынды бағалау

Ең жақсы өткен екі нәрсе?

- 1.
- 2.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?

- 1.
- 2.